

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП ОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 22 9599) 1955 жылғы 1 февраль Сейсенбі Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ОБЛЫСЫМЫЗДА: А. Дрелинг — Сүт өнімін арттыра беремін (1-бет).  
Сайлау алдындағы округтік кеңестер (1-бет).  
СОВЕТТЕРДІҢ САЙЛАУЫНА ӨЗІРЛІК: Ә. Киреев. — Сайлау алдындағы бұқаралық саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болсын. И. Ануфриев. — Сайлауға жап-жақты әзірленудеміз (2-бет).  
БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ МЕРЗІМІНЕН БҮРЫН ОРЫНДАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫС: М. Боранбаев. — Вагоншылар еңбек өнімділігін арттыру күресінде Е. Голиков. — Жаңа жылда жана қарқынмен (2-бет).

И. Григорьев. — Халықтар достығы — Совет мемлекетінің күші мен қуаттылығының қайнар көзі (2-бет).  
Ф. Нуровский. — Колхоздың жылдық есеп жұмысын тездетілісін (3-бет).  
С. Смағұлов. — Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартайық (3-бет).  
СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ: Ә. Мусаханов. — Жас ақынның жана жүйнағы туралы бір-екі сөз (3-бет).  
С. Қанафин. — Совхоз басшылары негіз ұмытып отыр (3-бет).  
М. Шевченко. — Біздің алғысымыз (3-бет).

## Саяси баяндамалар мен лекциялардың идеялық дәрежесі жоғары болсын

Коммунистік партияның XIX съезі идеологиялық жұмысты партия ұйымдарының бірінші дәрежелі міндеті етіп қойды. Саяси баяндамалар мен жалпы арналған лекциялар идеологиялық жұмыстың маңызды участогі болып табылады. Өйткені саяси баяндамалар мен лекцияларда Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты кеңінен насихатталып, коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте совет адамдарының алдында тұрған зор міндеттер түсіндіріледі.

Партиямыздың нұсқауын орындай отырып, облыс партия ұйымы еңбекшілер үшін оқылатын саяси баяндамалар мен лекцияларға көп назар аударатын болды. Яғни, қалалық партия комитеттерінің штаттан тыс лекторлар тобының, сондай-ақ баяндамашылар тобының құрамы теориялық даярлығы мол, басын партия, совет қызметкерлері есебінен толықтырылды. Оқылатын лекциялар мен баяндамалардың сапасына қатаң бақылау жасалатын болды. Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының тарапынан барлық өнеркәсіп орындарында, МТС-тер мен совхоздарда және көптеген колхоздарда лекторийлер ұйымдастырылды. Мұның езі қалада, ауыл-селода лекциялық насихатты жақсарту үшін қолайлы жағдай туғызды.

Баяндамашылар мен лекторлардың басым көпшілігі өздеріне тапсырылған жауапты жұмыстың дәрежесінде болып еңбекшілер үшін баяндамалар мен лекцияларды жеті оқып жүр. Олардың қатарына Бұлаев аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторы Марков жолдасты қосуға болады. Ол соңғы 2-3 айдың ішінде МТС механизаторларының және колхозшы шаруалардың жыйналыстарында партия мен үкіметтің халыққа деген ұлы қамқорлығы жөнінде, совет халқының бейбәлділік жолындағы күресі туралы көптеген лекциялар оқып, баяндамалар жасады. Марков жолдас оқыған лекциялары мен баяндамаларына облыстың, ауданның, колхоздың, МТС-тің өмірінен алынған фактілерді толық пайдаланады, өйткені оны тыңдаушылардың алдында тұрған нақты міндеттермен байланыстырады. Міне, сондықтан да оның лекциясын колхозшы шаруалар мен механизаторлар зор ықпалмен тыңтайды. Лектор өзінің теориялық даярлығы және лекторлық шеберлігін арттыру жолында көп ізденіп, үнемі жұмыс істейді. Мұндай лекторлар мен баяндамашылар әрбір

ары үшін саяси баяндамаларды сирек емес, басын партия, совет қызметкерлері еңбекшілер үшін баяндамалар жасап, лекция оқуда басқаларға өнеге өрсетуге, сөйтіп өздерінің бұқаралық айналысын нығайта беруге тиіс.

Редакцияға түсіп жатқан хаттар бір-ақ жерлерде саяси баяндамалар мен лекциялар үстірт оқылатынын хабарлайды. Бұл салада дүмшелекке, қарилық пен формальдылыққа өлі де болса жол беріліп жүр. Жақында саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының мүшесі Шәймерденов жолдас Ленин ауданы, Амантөді атындағы колхоздың № 4 бригадасындағы колхозшыларға арнап «Марксизм-ленинизм дін туралы» деген тақырыпта лекция оқыған. Лекцияның тақырыбы өте қызықты. Бірақ не шайда, Шәймерденов жолдас лекцияны 2 сағат газмұнды етіп оқудың орнына, 12 минуттың ішінде өзі мәселенің басын бір шаптып өте шыққан. Міне сондықтан да колхозшы шаруалар «мұндай лекцияның сізге қажеті бар» деп лекторға орынды сынжылады. Егер қоғамның аудандық бөлімшесі Шәймерденов жолдас лекциясына қатаң бақылау жасап, оның сапасын тексерген болса, мұндай факті кездеспеген болар еді. Оқылған лекциялардың саны үшін ғана емес, сапасы үшін күресу қажет.

Партия ұйымдарының, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы бөлімшесінің, облыстық мәдениет басқармасының лекциялық бюросының кезек күтпегейтін маңызды міндеті еңбекшілер үшін лекциялар оқу, саяси баяндамалар жасау ісін мейлінше жақсарту болып табылады. Әресе кәзір Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және жергілікті Советтердің сайлауы алдында саяси баяндамалар мен лекциялардың өрісін барынша кеңейтіп, оның сапасын жақсарту қажет.

Бұл жұмыстың ойдағыдай жүргізілуі ең алдымен баяндамашылар мен лекторлар құрамына байланысты. Баяндамашыларды, лекторларды саяси даярлығы мол, лекциялық насихатты ұйымдастыруда тәжірибесі бар басын партия, совет қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары және басқа интеллигенттер есебінен толықтыру керек.

Саяси баяндамашылар мен лекторлардың құрамын толықтырумен ғана іс бітпейді. Партия комитеттері мен Қоғамның бөлімшелері және басқа ұйымдар саяси баяндамашылардың, лекторлардың жұмысына үнемі көмек көрсетіп, бақылау

### ОЗАТ МАЛШЫЛАР

Конюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының малшылары сайлау күрмесіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, қоғамдық малды қыстан қонды шығару үшін жүресуде. Колхоздың алдыңғы қатарлы шонаны Валентина Евстаферова жолдас өткен жылы 600 саулықты қонды етіп барып, үйірге қосты. Кәзірде осы саулықтарды ол малдәрігерлік-зоотехникалық ережелерге сай күтіп, олардың қондылығын арттыруда. Ол 91 адалық қойдан 114 қозы алды.

Қ. Омаров, Д. Боздақов, Қ. Бекишев, З. Далин және басқа комсомол-жастар мал фермаларында жұмыс істеуге тілек білдірді. Бұл күндері комсомол-жастар өздерінің қарамағындағы малдарды қонды етіп, қыстан аман шығару жолында жанаммай еңбек етуде.

Қ. ТАУБАЕВ.

Колхоз комсомол ұйымының секретары.

### ГРАФИКТЕН ОЗГАНДАР

Петропавл совхозының механизаторлары Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауы күрмесіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, культиватор, тырма және басқа тіркеу саймандарын жөндеуді мерзімінен бұрын аяқтады. Тракторларды жөндеу жұмысы да бітуде жуық. Ұста Лях және балғашы Ельцов жолдасар күн сайын біржарым норма орындап, ауылшаруашылық саймандарын сапалы етіп жөндеп шығарды. Слесарьлар Ус, Пятак, Казбанов, Лукин жолдасар да бұлардан қалар емес. Олар ұйымшылдықпен жұмыс істей отырып, осы жылдың январь айында еңбек өнімділігін өткен жылдың декабрь айымен салыстырғанда 20 процент арттырды.

Д. ЯВОРОВСКИЙ.

### Озат сауыншы

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының (Октябрь ауданы) сауыншысы Шәйзада Қыдырәлиева өзінің қарамағындағы сауын сыйырлардың қондылығын және өнімділігін арттыруға жетісін келеді.

Кәзір сауыншы Қыдырәлиеваның қарамағындағы 5 сауын сыйыр бұзаулады. Сауыншы Торанғұл МТС-нің осы колхоздағы участоқтық зоотехникі Сингов жолдаспен амандаса отырып, тексеріп мал-

## Облысымызда

### СҮТ ӨНІМІН АРТТЫРА БЕРЕМІН

Өткен 1954 жыл біздің колхоз үшін мал шаруашылығының өнімділігін арттырудағы табысты жыл болды. Бұл жылы артелімізде әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1996 литр сүт алынды. Ал мен, өзіме бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 2414 литр сүт саудым.

Біз мұндай табысқа сыйырларды күту, азықтандыру және сауу жөніндегі озат әдістерді, ғылым табыстарын өндіріске кеңінен енгізудің нәтижесінде жеттік.

Мен сыйырларды бұзаулауына 60—65 күн қалғанда суалтамын. Сыйырды суалту 5—6 күнге дейін созылады. Бұл күндер ішінде сыйырға берілетін құнарлы азық мөлшері бірте-бірте азайтылады, сонымен бірге тәулiк ішіндегі сауу саны да кемітіле беріледі.

Сыйыр әбден суалып болғаннан кейін оны азықтандыруға ерекше назар аударамын. Суалған сыйырға бізде тәулiк сайын 8—10 килограмм шөп, 4—5 килограмм буландырылған және концентрат қосып, нәрлендірілген сабан, 10—15 килограмм басқа құнарлы азық беріледі. Сондай-ақ міндетті түрде минералдық азық береміз. Сыйырлар күн сайын тазартылып отырылады. Желіннің, емшектердің жарылып кетпеуін қадағалаймын. Бұзаулауына 10—12 күн қалғанда сыйырды бұзаулатын үйге жіберемін.

Сыйыр бұзаулағаннан кейін оны саууды алғашқы күннен бастап дұрыс жүргізудің маңызы зор.

қос қолдап сылап-сыйпаймын. Желінді сылап-сыйпауды ұқыпты жүргізу керек. Мен әуелі желіннің сол жақ бөлегін төменнен жоғары қарай және жоғарыдан төмен қарай бес-алты рет асықпай ұқалаймын. Сонан кейін осы істегендерімді желіннің сол жақ бөлегіне қайталаймын.

Бұдан кейін емшектерді сылаймын. Ал сыйырды сауғанда шеңгелден сауу әдісін қолданамын. Бұл әдіс бойынша сауғанда әуелі емшекті түбінен толығырақ шеңгелден бас бармақпен және ұсық саусақпен ұстау керек. Желінді бұлай ұстап қысқанда, емшекте тұрған сүт шыға бастайды, мұнан соң ортанғы аты жоқ және шынамақ саусақтарды тез қысу арқылы сүт сауылады. Мұның өзінде қол бір орыннан қозғалмайтын болады.

Сыйырды сауғанда желінде сүт қалдырмау керек. Әресе соңғы лiндiде сүттің ең жоғары майлылығы болатынын естен шығаруға болмайды.

Жаз айларында сыйыр көбінесе жайылымда бағылады. Тек ыстық күндері ғана сыйырларды қолда ұстап, көкшөп береміз. Көкшөп үшін колхозымыз жыл сайын күздік қара бидай және сұлы егеді. Мұндай көкшөп әрбір сыйырға тәулiгiне 25—40 килограмм беріледі. Соңғы жылдардың тәжірибелері сыйырға жазда көкшөп беру оның құнарлығын арттыра түсетіндігін көрсетіп отыр.

### ҚАМЫС ДАЙЫНДАУ

Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелі (Октябрь ауданы) алдағы жылы мал қораларын салуға әрі арзан және тиімді құрылыс материалы—қамысты неғұрлым көп дайындау үшін жүресуде. Колхоз басқармасы бұл жұмысқа 12 адамнан құрылған бригада ұйымдастырды. Бұл бригада үстiмдeгi жылы салынатын қой қорасына қажетті 1320 текшеметр қамыс дайындамақ.

Бригада қамыс шабу жұмысын кәзірдің өзінен бастап қызу жүргізуде. Бригада мүшелері О. Жаренов, К. Мұхамеджанов, Н. Аржаев жолдасар өздеріне берілген күнделікті тапсырманы үнемі 125—130 процент етіп асыра орындап жүр. 24 январьға дейін ғана 650 текшеметр қамыс дайындалып, ол колхоз орталығына жеткізілді.

Бригада мүшелері қамыс шабу жоспарын 5 февральға дейін аяқтамақ.

Ш. ӘЛІМЖАНОВ.

### Комсомол-жастар бригадасы

Октябрь ауданындағы Интернационал совхозының Николой Шатов басқаратын комсомол-жастар бригадасы облысымыздың комсомол-жастар бригадасы арасындағы социалистік жарыстың қорытындысында барлық көрсеткіш бойынша бірінші орынға шығып, бригада және оның мүшелері ҚКХО облыстық комитетінің Құрмет грамоталарымен нағрадалағанды.

Николой Шатов жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы ССРО Совхоздар министрлігінің совхоздарындағы комсомол-жастар бригадаларының арасындағы социалистік жарысқа қорытынды жасағанда бүгін одақ бойынша үшінші орынға ие болды. ССРО Совхоздар министрлігі бригада мүшелеріне бағалы сыйлықтар берді.

Ө. ЖӘМІШОВ.

### Шымтезек-шірінді құмыралар

Совет астық совхозында быыл овоц және картоп егістерінің көлемі өткен жылдармен салыстырғанда елеуір ұлғайтылды. Бұған дйындық жұмыстары осы бастап жүргізілуде. Совхоз коллективі картоп және овоц дақылдарын отырғзу үшін 130 мың шым-тезек шірінді құмыралар даярлауды жоспарлаған болатын. Құмыралар дайындау жұмысын совхоздағы

ауданда аз емес.

Бірақ еңбекшілер арасындағы саяси баяндамалар мен лекцияларды ұйымдастыруда қол жеткен табыстарымыз ағуымыстың бұл саласындағы көмшілдердің белгілі тигі де бүркемелей алмайды. Жасыратыны жоқ, ауылдық, селолық жерлерде, әсіресе алыстағы егіс бригадалары мен мал фермаларында саяси баяндамашылар мен лекторлар сирек болады. Тек осы себепті бірқатар жерлерде еңбекшілердің саяси баяндамалар мен лекцияларға деген өскелең тілегі толық қанағаттандырылмай отыр. Мәселен, Совет ауданының «Новый быт» ауылшаруашылық артелинің № 2 бригадасында соңғы 4-5 айдан бері бірде-бір саяси баяндама жасау, немесе лекция оқу ұйымдастырылмаған. Аудандық партия комитетінің мұндай фактіге төзуіне таңымыз бар.

Бірқатар жерлерде кейбір басшы партия, совет қызметкерлері өздерінің қасиетті борышы — еңбекшілер алдында саяси баяндамалар жасау ісіне немқетті қарайды. Жақында болып өткен Полудень аудандық партия конференциясында делегаттар аудандық Совет атқомінің председатели Засыпкин жолдасы жыл бойы еңбекшілер үшін лекция оқып, баяндама жасамағаны үшін өте орынды сынаны. Мамлют аудандық партия комитетінің бұрынғы секретары Сәрсенбаев жолдас та саяси баяндама жасаудан қол үзген. Осы сыяқты, қалалық партия комитетінде де кейбір басшы қызметкерлер де өнеркәсіп орындарындағы жұмысшы-

Дайындалған баяндаманың, лекцияның тексті лекторлардың творчестволық талқысына салып, тек осыдан кейін ғана оны оқуға рұқсат беру керек. Мұның өзі баяндама мен лекцияның идеялық жоғары дәрежеде болуына үлкен мүмкіншілік беретіні, баяндамашылар мен лекторларға зор көмек болатыны сөзсіз.

Облыс еңбекшілерінің алдында аса зор міндеттер тұр. Ол міндеттер өнеркәсіп орындарында бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, оның сапасын жақсарту, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың мал қыстау маусымын үлгілі өткізулеріне, көктемгі егіске тыңғылықты әзірленулеріне, ауыл шаруашылығының бүкіл саласын одан әрі өркендете берулеріне жетісу болып табылады.

Көзір Советтердің сайлауына әзірлік кезінде кәсіпорындарында, колхоздар мен совхоздарда, МТС-терде, әсіресе алыстағы мал фермаларында советтік сайлау системасы, халықаралық жағдай, Коммунистік партияның еңбекшілердің материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыра беру мақсатына бағытталған саясаты жөнінде лекцияларды жиі оқу керек.

Облыс еңбекшілері үшін саяси баяндамалар мен лекцияларды жиі оқып, олардың өндірістік белсенділіктерін арттыра берейік! Елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күрестің табысты болуы партия ұйымдарынан осыны талап етеді.

### Картоп отырғызатын комплексті агрегат

Қазақстанның жүздеген колхоздары мен МТС-тері алдағы көктемде картопты шаршы-ұялап отырғызу әдісін кең көлемде қолданады. Қарағандының ауылшаруашылық тәжірибе станциясының коллективі ұсынған және сыннан өткізген жаңа машинаның картоп отырғызатын арнаулы машиналары жоқ шаруашылықтар үшін практикалық орасан зор маңызы бар. Мұнда 1954 жылы картопты шаршы-ұялап отырғызатын комплексті агрегаттың конструкциясы жасалып, дайындалған болатын. Бұл агрегатпен тоғыз күнде 130 гектар жерге картоп отырғызылды. Картоптың әр гектарынан 250 центнер өнім алынды.

Картоп отырғызатын комплексті агрегат қайырмасыз төрт стойкасы және екі борозда салатын шолақ түрендері бар төрт қорнуесті плугтан, «зиг-заг» тырмалар-

дан және малатастан құралған; тырмалар мен малатас плугтың рамасына монтаждалады. Бұл агрегатты қолданғанда, картопты культиватормен немесе «СКГ-4» машинасымен отырғызғандағы сыяқты, участокті картоп отырғызу алдында қосыту немесе қайта жыртудың қажеті жоқ. Бұған қоса, агрегат борозда салмастан бұрын топырақтың жоғарғы қабатын аудармастан терең қосытады. Мұнымен бірге, агрегаттың бір артықшылығы сол — оны қолданғанда топырақты қосыту мен картоп отырғызудың арасында алшақтық болмайды.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігі қарағандылық жанашылардың ұсынысын «СКГ-4» картоп отырғызғыштары болмаған жағдайда пайдалануды ұсынды.

(ҚазТАГ).

### Жоспардан тыс руда өндірілді

ТЕКЕЛІ. (ҚазТАГ). Текелі руднитінің коллективі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы күрметіндегі жарысқа қосылып, жаңа табыстарға жетуде. Александр Брыкалов басқарған участок январьда жоспардан тыс 15 эшелон руда шығарды. Кен мастерлері Урспем Төреғожия мен Владимир Ким басқаратын смена да өндірістің графикалі мерзімінен үш жүз бұрын орындады. Николай Сильченконың, Сергей Васильевтің және Василий Шишовтың комплекстік бригадалары февральдің есебіне еңбек етуде. Комбинат-

тың ауыспалы Қызыл Туың жеңіп алған қосомолец Михаил Рудюк басқаратын проходчиктер участогінің коллективі жұмысты біржәлі жақсы істейді. Участок айлық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. Анатолий Шкурииннің қосомол-жастардан құралған проходкалау бригадасы январь тапсырмасын орындады.

Рудниктің бүкіл коллективі графикалі мерзімінен бұрын орындап жұмыс істеп келеді.

дәрігерлері зоотехникалық өрнектерге сай күтуде. Жас төлді ол 10 күн бойы ұйыбен және сүтпен тамақтандырып, одан кейін жемшөпке үйретеді.

Н. АСЫЛТАЕВ.

### МЕХАНИЗАТОРЛАР КУРСЫ

Октябрь ауданындағы Торангүл МТС-нің жанынан механизаторлар курсы ашылды. Бәзір мұнда 40 адам оқын жүр.

Курс тыңдаушылары теориялық материалды өткеннен кейін МТС мастер-койында практикада болады. Енді үш айдан кейін олар механизаторлар курсып бітіріп, МТС қамтуындағы колхоздарда тракторшы болып еңбек етпек.

Ж. ИЛЬЯСОВ.

Йырлары бұзаулағаннан кейін төулігіне төрт рет сауу төртін қолданып келемін және бұл кезде оларға азықты мейлінше мол беремін. Азықты сыйырға мол беру одан сүт алу мөлшері қашан артқанға дейін қолданылады.

Бірақ сыйырдың сүттілігін арттыру тек оны жақсы азықтандырумен ғана бітпейді. Мұнымен бірге сыйырларды саууды дұрыс жүргізу қажет. Мен сыйырды сауар алдында оның желінін, емпектерін жылы сумен жуамын, онан соң орамалмен құрғатып сүртсемін. Бұдан кейін желінді

ген кезде олар жақсы жабдықталған стандартты қораларға орналастырылады. Барлық сыйыр қораларында электр жарығы бар. 1954 жылы қораларға автомат суарғыштар орнатылды.

Мен фермадағы ішкі мүмкіншіліктерді толық өсекке ала отырып, үстіміздегі жылы әрбір сыйырдан 2600 литр сүт саууға міндеттендім.

А. ДРЕЛИНГ.

Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхоздың сауыншысы.

нан астам шығатесек-шірінді құмыралар дайындады. Сол сыяқты, көшет өсіруге керекті 125 парник рамасының 75-і кәзірдің өзінде дайын болды.

Б. ЖАҚЫПОВ.

### АТА-АНАЛАР КЕШІ

Жуырда Қызыл Қазақстан жетіжылдық мектебінде (Қопқов ауданы) оқушылар ата-аналарының кеші болып өтті. Кеште мектеп оқытушысы Ө. Мұқашев жолдас «Баланы сепяла тәрбиелеу» туралы лекция оқыды. Сонымен бірге мектеп директоры К. Шаймерденов жолдас мектеп оқушыларының оқу үлгерімі туралы хабарлады.

Б. ТҰЯҚОВ.

## САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ОКРУГТІК КЕҢЕСТЕР

### Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы жөнінде

Петропавл ет-консерві комбинатының клубында № 331 Петропавл завод сайлау округінің сайлаушылары өкілдерінің кенесі болды. Кеңесте комбинат, заводтар, мекемелер, кәсіпшілік артельдері, мектептер коллективтерінің, партия, кәсіподақ және қоғам ұйымдарының өкілдері қатысты.

Комбинаттың инженер-механигі Акимов жолдас кеңесті ашып, қысқана сөз сөйледі. Ол Коммунистік партия мен Совет үкметінің басшылығы арқасында совет халқының бейбіт еңбекте не болған зор табыстары туралы айтты. Республиканың еңбекшілері алдағы сайлауға еңбектегі жаңа табыстарымен келгелі отыр.

—Біздің комбинаттың коллективі, — деді Акимов жолдас, —Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті басшыларының бірі Анастас Иванович Микоянның есімін бірауыздан атады. Оның кандидатурасы сайлаушылардың жыйналыстарында қызу қолдау тапты. Мен сіздерді коммунистер мен партияда жоқтардың аызғымас блогінің кандидаты — Анастас Иванович Микоян жолдасқа дауыс беруге шақырамын.

Кеңесте қатысушылар ет базасы коллективінің өкілі Шашина жолдасардың сөзін зейін қоя тыңдады. Ол Анастас Иванович Микоянның өмірбаянына толық тоқталды. А. И. Микоян жолдас халық бақыты үшін табанды күрескер, ол — отандық тамақ өнеркәсібін ұйымдастырушы. Анастас Иванович Микоян Петропавл ет-консерв комбинатында екі рет болып оның коллективіне комбинатты кеңейту жөнінде зор көмек көрсетті.

—Ет-консерв комбинатының коллективі, — деді одан әрі ішпен, —қаланың барлық кәсіпорындары сыяқты Советтердің алдағы сайлауын лайықты табыстармен қарсы алу үшін күресуде. Комбинат 1955 жылдың алғашқы айының өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын, 26 январьда 101 процент етіп орындады. Ай аяғына дейін комбинат 1 миллион сомның қосымша өнімін шығармақ.

Мастер Попов және слесарь Козлов жолдасар металл өңдеу заводы коллективінің ағынан сөз өйдеп, кеңесте қатысушыларды сайлау күрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырды.

Козлов жолдас Коммунистік партияның, Отанның күш-қуатын арттырып, еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін жақсарту беру жөніндегі қажеттіліктері туралы айтты. Республикамызда тың және тынайған жерлер көптеп игеріліп, еліміз үшін астық, ет, сүт, жүн, май және басқа ауылшаруашылық өнімдері мол дайындалуда. Міне, сондықтан да еңбекшілер Отанымыздың одан әрі гүлдене беруі үшін сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін дауыс береді.

—«Прогресс» кәсіпшілік артелинің коллективі, — деді өзінің сөзінде Клишина жолдас, —Анастас Иванович Микоянның кандидатурасын қызу қуаттайды. Сайлау алдындағы социалистік жарысты қызу өрістете отырып, артель коллективі январь айының өндірістік жоспарын мерзімінен бес күн бұрын орындады.

Кеңесте Герцен атындағы орта мектептің оқытушысы Мельникова, ет-консерві комбинатының механикалық цехының мастері Кирик, қалалық партия комитетінің секретары Попов және басқа жолдас-тар сөз сөйледі. Олардың бәрі де Анастас Иванович Микоянның кандидатурасын қызу қуаттайтындықтарын айтып, кандидаттықты жақтаған саяси үгітті кеңінен өрістететіндіктерін білдірді.

Кенес № 331 Петропавл завод сайлау округінің барлық сайлаушыларына арнап үндеу қабылдады. Бұл үндеу сайлаушыларды осы жылы 6 март күні сайлау орналарына тегіс келіп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаты — Анастас Иванович Микоян жолдасқа дауыс беруге шақырады.

СМИРНОВО. Совет ауданының орталығындағы мәдениет үйіне 300-ден астам еңбекшілер жыйналды. Бұлар республиканың Жоғарғы Советінің депутаттығына

өздерінің кандидаттары жөнінде келісу үшін келген колхозшы шаруалардың, МТС, совхоз қызметкерлерінің, интеллигенттердің өкілдері.

Қазақстан ММ аудандық комитетінің секретары Бодров жолдас сайлау алдындағы округтік кеңесті ашып, алғашқы сөзді Шағлы совхозының озат сауыншысы Андреева жолдасқа берді.

—Советтердің алдағы сайлауы, — деді ішпен, —өткен сайлаулар сыяқты, советтік демократияның туы астында, еңбекшілердің саяси және өндірістік зор белсенділігімен өткелі отыр. Біздің совхоздың коллективі өздерінің сайлау алдындағы жыйналысында № 316 Совет сайлау округі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп СОМ Орталық Комитетінің Бірінші секретары Никита Сергеевич Хрущевті және аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Мария Андреевна Коркинаны ұсынды. Совхоз коллективінің ұсынысы бірқатар жерлерде болып өткен колхозшылардың, МТС, совхоз қызметкерлерінің жыйналысында толық қолдау тапты. Мен өзіміздің коллектив атынан сіздердің Н. С. Хрущев және М. А. Коркина жолдасардың кандидатураларын қызу қуаттауға, сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына бірауыздан дауыс беруге шақырамын.

Мұнан кейін сөз сөйлеген Смирнов астық дайындау пункті коллективінің өкілі Некрасова жолдас Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Н. С. Хрущев және М. А. Коркина жолдасарды ұсыну жөніндегі ұсынысқа толық қосылатынын мәлімдеді. Сөзінің соңында Некрасова жолдас астық дайындау пункті коллективі сайлау күрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, 6 мартқа дейін тұқым айырбастауды толық аяқтайтын және 1955 жылдың егісінен алынатын өнімді сақтау үшін бірнеше қосымша жаңа қоймалар салатынын хабарлады.

Дәрігер Гудяева жолдас өзінің сөзінде

депутаттыққа кандидат М. А. Коркинаның қоғамдық қызметі туралы айтты. Ол, деді ішпен, біздің ең жақсы жолдасымыз, талантты, іскер, тәжірибелі дәрігер. М. А. Коркина жолдасы депутаттыққа кандидат етіп ұсынған зор сенімдеріңіз үшін біз, медицина қызметкерлері аудан еңбекшілерін жаңа міндеттерге сай қамтумен жауап береміз.

Аудандық өндіріс комбинаты коллективінің өкілі Ефименко жолдас комбинат коллективі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Н. С. Хрущев және М. А. Коркина жолдасарды ұсыну жөніндегі Шағлы астық совхозының жұмысшылары мен қызметкерлерінің қаулысын шын жүректен қуаттайтынын мәлімдеді. Мұнан кейін ол комбинат коллективі бесінші бесжылдықтың ақырғы жылы — 1955 жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен алты ай бұрын орындау жолындағы социалистік жарыста жаңа табыстарға ие болып отырғанын хабарлады.

«Көктерек» колхозының мүшесі Жакыпов жолдас колхозшы шаруалардың көктемгі егіске әзірлік, мал қыстау маусымын үлгілі өткізу жолындағы қажырлы еңбектері туралы айтты. Сонымен қатар, ол колхозшы шаруалар атынан депутаттыққа кандидат етіп Н. С. Хрущев және М. А. Коркина жолдасарды ұсынууды қуаттады.

Кеңесте аудандық тұтынушылар одағының өкілі Османов, Шағлы совхозының жұмысшысы Мироненко, жас сайлаушы Лесик, «Совет» колхозының мүшесі Нешико, «Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артелинің колхозшысы Губарев жолдасар сөз сөйледі. Олар өздерінің сөздерінде депутаттыққа ұсынылған кандидаттарды қолдап, сайлау күні Отан игілігі, халық игілігі үшін дауыс беретіндіктерін білдірді.

Кеңесте қатысушылар № 316 Совет сайлау округінің барлық сайлаушыларын коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруге шақырып, үндеу қабылдады.

Советтердің сайлауына әзірлік

Сайлау алдындағы бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болсын

Алдағы сайлауға дайындық Кеңохов ауданында еңбекшілердің күннен күнге артып отырған саяси және еңбек өрлеуі жағдайында өтуде. Партия, комсомол ұйымдары кәзір халық арасында сайлаушыларға Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығының барлық салаларын әрдайым өркендетуге бағытталған саясатын, халықтың материалдық және мәдени өл-ауқатын жақсарту жөніндегі қамқорлығын кеңінен түсіндіруде.

Партия ұйымдарының үгіт коллективтері еңбекшілер арасында бұқаралық-саяси және үгіт-кошпшілік жұмыстарын жүргізудің бай тәжірибесіне ие болды. Халық соттарының жуырда ғана болған сайлауы бұл тәжірибені молайта түсті.

«Красная крепость», Киров атындағы, «Пролетарское знамя», Ленин атындағы колхоздардың үгіт коллективтері сайлау науқанына белсене кірісті. Бұларда үгітшілік жұмыста тәжірибесі мол, білім даярлығы жеткілікті және бұқараның жігерін рухтандырып озбен тұтандыра білетін қабілетті жолдастар қамтылған. Үгітшілер Меркушина, Бессонов («Красная крепость» колхозы), Жирнова, Мөлжабаров (Киров атындағы колхоз) жолдастар сайлаушылар арасында совет азаматтарының сайлау праволары мен міндеттері жөнінде, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің өткен сайлауынан бергі уақыттың ішінде республика көлемінде шаруашылық және мәдениет құрылысы саласында қол жеткен табыстар жөнінде әңгімелер өткізді. Үгітшілер өздерінің әңгімелерін колхоз алдында тұрған шаруашылық міндеттер — мал қысқартуды ойдағыдай өткізу және көптемігі егіске үлгілі әзірлену жұмыстарымен тығыз байланыстырып отырады.

Ауданда 30-дан астам үгіт пунктін жұмыс істейді. Бастауыш партия ұйымдарының көпшілігінде үгітшілердің семинарлары өткізілді. Ауданның мәдени-ағарту мекемелері сайлаушылар алдында көркемөнерпаздардың концерттерін қоюға әзірленіп жатыр.

Аудандық партия комитеті жақында

бастауыш партия ұйымдары секретарьларының, үгіт пункттері меңгерушілерінің кеңесін өткізді. Мұнда советтердің сайлауына әзірлік мәселесі талқыланды. Кеңеске қатысушылар өздерінің жұмыс тәжірибелерін ортаға салды.

Алайда сайлауға дайындық жөнінде аудан көлемінде кейбір кемшіліктер де шешілді. «Қазақстанның 30 жылдығы» және Куйбышев атындағы колхоздардың бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары Ситников және Логовой, Суворов МТС-і партия ұйымының секретары Громов жолдастар колхозшылар мен МТС жұмысшылары арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістетуге ісіне жаңды басшылық жасай алмай келеді. Бұл жолдастар: «Біз сайлаушылар арасында азды-көпті жұмыс жүргіздік, мәселен, сайлау комиссияларының құрамына таңдаулы адамдарды ұсындық, үгітшілерді онүйліктерге, фермаларға және жұмыстың басқа да учасктеріне бөлдік»,—деседі. Ал үгітшілер коллективінің тікелей жұмысы —кеңінен жүргізілген түсіндіру жұмыстарының жайын сұрасанып, олар күмілжіп қалады.

Аудандағы үгіт пункттерінің бәрі бірдей үгіт-насихат жұмыстарының шын мәніндегі орталығына айналды дегуге болмай отыр. «Жаңа тұрмыс», Мологов атындағы колхоздарда үгіт пункттері күні осы уақытқа дейін жұмысқа кіріскен жоқ.

Бастауыш партия ұйымдарының міндеті аталған кемшіліктерді жедел жойып, сайлау алдындағы бұқаралық-саяси жұмысты барынша өрістетуге жетісу болып табылады. Үгіт коллективтері сайлау науқанының бүкіл барысында саяси үгіттің барлық түрлерін де, мәселен, митингілер өткізу, лекциялар мен балалалар жасау, әңгімелер өткізу, көрнекі үгіт, кино көрсету және басқаларын кеңінен пайдалануы керек.

Ә. КИРЕЕВ,

ҚКП Кеңохов аудандық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Сайлауға жан-жақты әзірленудеміз

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және жергілікті Советтердің сайлауын өткізу туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланған күннен бастап қаладағы ет-консерв комбинатының үгіт пунктін өз жұмысын барынша өрістетуге түсті. Партия бюросы үгітшілердің семинар-кеңесін өткізді. Семинардың кейін үгітшілер сайлаушылар үйіне барып, оларды сайлау жөнінде ережелен, алдағы сайлаудың өткен сайлаулардан өзгешеліктерін таныстырды.

№ 31 сайлау участогінде барлығы 11 кандидат тауысқа түседі. Оның біреуі Қазақ ССР Жоғарғы Советіне, екіншісі облыстық Советке, қалғандары қалалық Советке сайланады. Міне, осыған көптеген сайлаушылар: «кандидаттар 11 бел-

сайлаушылармен «ССРО Конституциясы —дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция», «Советтік сайлау системасының буржуазиялық сайлау системасынан айырмашылықтары» деген тақырыптарда әңгімелер өткізді.

Кәзір үгіт- бұқаралық жұмыста 86 үгітші, округтік учаскелік сайлау комиссияларының 76 мүшелері қамтылған. Үгітшілердің ішінде көптеген коммунис-тер бар. Мәселен, СОБН мүшесі, үгітші Макинмов жолдас сайлаушылар арасында өзінің жалынды сөзімен ғана емес, өндіретегі қажырлы еңбегімен де ерекше өзге түсіп, зор белетке ие болып жүр. Ол комбинаттың шұрделі құрылыс бөлімінде қаңылатышы болып істейді. Бүгінгі тапсырмасын 180- 200 процент-



Шымкенттегі пресс-автоматтар заводының құрылысшылар коллективі өткен жылы 2 мың шаршы метрге жуық тұрғын алаңдарын, балалар бақшасын, мектеп үйлерін пайдалануға берді. СУРЕТТЕ: негізгі өндіріс мастери комсомолка О. Игнатова мен штукатуршылар бригадирі А. Бондарь 17 пәтерлі тұрғын үй құрылысында жұмыс істеп жүр.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Жел двигательдерін шығару ісі жетілдірілуде

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Жергілікті өнеркәсіптің Семейдегі механика заводы кәзір өнімді өткен жылдағыдан екі есе көп шығарады. Колхоздар мен совхоздарға арналған жел двигательдерін шығару төрт есе артты.

Заводтың коллективі металл және басқа материалдар үнемдеу үшін жарысуда. Жел двигательдері редукторының конструкциясын жақсарту есебінен оны жасауға жұмсалатын металдың шығыны 36 килограмм кемді. Насос цилиндрлерін жасауға шойын 7 килограмм кем жұмсалатын болды. Металд құю цехының бастығы Степан Просоловко мен қалыпшы Афагасий Трофименко бірсыпыра бөлшектерді құйып шығаруды жетілдірді.

Осы және басқа шаралардың нәтижесінде әрбір жел двигательінің салмағы 60 килограмм жеңілдетілді. Өздерінің мүмкіншіліктерін есептей отырып, кәсіпорынның коллективі үнемделген металдан жылдық тапсырмаға қосымша 10 жел насос қондырғыларын жасауға міндеттенді.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАНАЗЫ Орындалды

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағандының Пархоменко атындағы заводдың амай-на жасаушылары ҚХР-дағы Хайджоу көмір кеніне ленталы конвейерлердің бір тобын жөзелтті. Сөйтіп Қытай Халық Республикасына арналған үлкен заказды орындап шықты. Дуншандағы №1 шахтаның кеншілері Қарағандының машина жасаушыларынан ленталы конвейерлерге

БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН Орындау жолындағы ЖАРЫС

Вагоншылар еңбек өнімділігін арттыру күресінде

Кәсіпорнына берілген мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін еңбек өнімділігін арттыра беру қажет. Ал еңбек өнімділігін үнемі арттыра беруді қамтамасыз ету социалистік жарысты ұйымдастыруға, жарыста алған міндеттемелерді орындауды бақылауға байланысты.

Петропавл вагон-жөндеу депосы қаладағы озат кәсіпорындардың ең алдығы қатарында келеді. Вагоншылар өткен жылдың өндірістік программасын мерзімінен көп бұрын орындаған. Вагоншылар бұл табысты баянды ете отырып, бесінші бес-жылдықтың ақырғы жылында да өндірістік қарқынды үнемі көтере беру үшін күресуде.

1954 жылы мастер Я. Пенков жолдас басқарған вагондарды орта жөндеуден өткізудің цехы жарыста алған міндеттемелерді орындау және сапа көрсеткіштері бойынша бірінші орынға ие болды. Оның үстіне, бұл цехтың адамдары жаңа жерлер игеруші совхоздарға арнап вагоншалар жасауға белсене араласты. Орта жөндеу цехының жұмысшылары және мастерлерінің ұйымшылдық, қажырлы еңбек көрсетуінің арқасында ноябрьде 55, декабрь айында 107 вагоншалар жаңадан жасалып, таңдағы совхоздарға жөнелтілді. Міне, осындай елеулі көрсеткіштері үшін цех коллективіне темір жол бөлімшесінің Ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды.

Цех еңбек өнімділігін арттыра беріп, өнім сапасын жақсарту беру үшін күресуде. Олар 1955 жылдың январь айынан алғашқы екі онкүндігі ішінде 49 вагонды жөндеуден өткізіп, оның ішінде 32 вагонды сапасы өте жақсы деген бағамен өткізді.

Цех қалған онкүндікте 30 вагонды жөндеуден өткізіп, алған міндеттемелерін ойдағыдай орындайды—дейді цех мастери Я. Пенков жолдас. Январь айында 75 вагонды жөндеуден өткізуге міндеттенген едік, адамдарымыз еселеген қарқынмен жұмыс істей келе, 80 вагонды жөндеуге жаңа міндеттеме алды.

Орта жөндеу цехында Н. Давыдов жолдас басқарған бригада алда келеді. Тағайындалған норма бойынша бір вагон жөндеуге екі күн тұруы керек. Ал Давыдов бригадасы Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтер сайлауының құрметіне еңбек вахтасына тұрып, еңбек өнімділігін екі есе арттыруға жетісті. Осының нәтижесінде бригада күн сайын бір вагонды жөндеп бітіріп, пайдалануға беріп жүр. Бригаданың мүшелері Давыдов сменалық тапсырмасы 175, Вондаренко, Гусар сыяқты жолдастар 160 проценттен орындап жүр. Мұнда өзара жарысқа түскен бригадалар алған міндеттемелердің орындауына

көзекпе-көзек тексерісіп тұрады. Давыдов бригадасымен жарысушы Золотухин жолдас басқарған слесарьлар бригадасы мінсіз сапалы өнім беруде. Бригада коллективі аудандық кәсіподақ ұйымының Қызыл Туын төрт ай бойы қолынан шығармай келеді. М. Шатохин, Л. Приемышев, А. Литвинов жолдастардың еңбек өнімділігі біржарым еседен артық. Ал Золотухиннің өзі еңбек өнімділігін 196 процентке жеткізді.

Депонның механика цехы ұста цехымен жарысқа түсіп, міндеттемелердің жүзеге асырылуын өзара тексерісіп тұрады. Міндеттемелердің орындалуын тексерісу—мұнда қалыптасқан дәстүр. Тексеріс қорытындысы үнемі жұртшылық көретін көрнекті орынға иініп, жазылып қойылады. Механика цехында токарлар еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Мәселен, Г. Осипенко сменалық тапсырманы орындауды төрт есеге жуықтатты. Коммунист А. Ахрименко жолдас сменд сайын үш норма береді. Ол өңдеген бөлшектердің сапасы мінсіз болады. Темір жонушы жас қыз В. Сұлтанова өз мамандығын тез меңгеріп әкетті. Ісіне үкынты қарап, жұмыс орынын таза ұстайды. Сұлтанованың жұмыс уақытын өнімді пайдалана білуі, өз мамандығын жетік меңгере беруге үнемі ілгері ұмтылуы жақшы нәтижелер беріп келеді. Кәзір ол сменалық нормасын 243 процент орындап, цехтың өндіріс озаты деген құрметті атақ ие болды.

Ұста цехының электр қуаты мен болат балқытушысы Р. Фуфаев жолдас өзінің сменалық тапсырмасын үнемі 300 процент орындайды. Ол балқытқан, ұстастырып қыюластырған бөлшектерден ақау болған емес. Александр Фуфаев өз мамандығына бірталай жастарды үйретіп шығарды. Электр қуатымен болат балқытушының мамандығын Фуфаевтан үйренген А. Моссеенко, И. Гуров, В. Шишерина жолдастар цехтың таңдаулы адамдары. Олардың есімдерін арқашан цехтың көрсеткіш тақтасынан кездестіресің. Олар еңбек өнімділігін арттыруды 200-300 процентке жеткізіп, өңделген бөлшектер сапасын жақсарту беру күресінде игі табыстарға жетуде.

Вагон жөндеу депосының коллективі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және жергілікті Советтер сайлауының құрметіндегі жарысқа ұптаса отырып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда. Олар бесінші бес-жылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау күресінде үнемі озаттар қатарында болу үшін мұнан былай да қажыр-ылықпен еңбек етеді.

М. БОРАНБАЕВ.

Локомотив күшін сарқа пайдалануда

Паровоз депосының алдыңғы қатарлы машинистері халық шаруашылығына көп жетті жүктер тиелген ауыр салмақты поездарды алып жүруді жаңа жылдан алғашқы күндерінен бастап қызу қарқынмен жүргізуде. Паровоз машинистері Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және жергілікті Советтердің сайлауы күнін өндірістегі жұмыс табыстарымен атап өту үшін өздеріне қатерлі міндеттемелер алды. Олар алған міндеттемелерін аброймен орындап шығу жолындағы социалистік жарысты кәзірге күшті қарқынмен жүргізе бастады.

Бұрнаны күні машинист Азаров, бас кондуктор Малыгин және вагон мастери Бондрашов жолдастар Петропавл станциясынан нормалағыдан 1038 тонна артық жүк тиелген составты алып шығып, қосымша су алу үшін жолдағы станциялардың бірде-бірінде тоқталмай өтіп, графикте белгіленген уақыттан едәуір бұрын Есіккөл станциясына жеткізді. Сол күні машинист Негесов, бас кондуктор Квашии жолдастар да ауыр жүк тиелген составты Петропавлдан алып шығып, белгіленген мерзімнен 17 минут бұрын Макушин станциясына апарды. Ал қайта оралғанда да олар ауыр жүк тиелген составты алып қайтты.

Бұл күндері депонның барлық машинистері бесінші бесжылдық жоспарды белгіленген мерзімнен едәуір бұрын орындап шығу үшін және Советтердің сайлауы күнін өздерінің лайықты тартуларымен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты пәрменді жүргізуде.

С. САФИТОВ.

Макарон тағамдарын көп өндіруде

«Ницевик» артезі жыл сайын жаңа техникамен жабдықталуда. Өткен жылдың төртінші тоқсанында тәулігіне 7—8 тонна макарон өндіретін жаңа жабдықтар алынып, макарон цехына орнатылды.

Жаңа техниканы меңгеру үшін жұмысшылар өз мамандықтарын арттыруда. Мәселен смена бастығы Воронова, слесари Бабушкин, бас механик Киселев, Малышкіна жолдастар Омбы және Курган қалаларында ашылған арнаулы курстарда оқып келді. Бұл мамандар көзінде жаңа техника тілін жете меңгеріп, оның күшін толық пайдалануды игеріп келеді. Соның нәтижесінде жұмыстың алғашқы күндерінен бастап бұл цех 9—9,5 тоннаға дейін макарон тағамдарын өндіріп шығарды. Соңғы кезде артезідің бас механигі Киселев жолдасын ұсынысы бойынша макарон кентіретін 9 шкаф орнатылды. Мұның өзі де еңбек өнімділігін едәуір арттырып, оның сапасын жақсартуға және тәулігіне 14 тоннаға дейін макарон өндіріп шығаруға мүмкіншілік туғызды.

Жаңа жылда жаңа қарқынмен

гіміз қалай» деп түсіне алмады. Үгітшілер бұл мәселені былай түсіндірі: сайлау участогі қалалық Советтің сайлауы өткізілетін 10 округке бөлінген. Олардың әрқайсысында қалалық Советтің депутатына бір-бір кандидат дауысқа түседі. Ал облыстық Совет пен Қазақ ССР Жоғарғы Советіне жалпы участок бойынша бір-бірден кандидат сайланады.

Үгітшілердің осы сайлауларға атқаратын міндеттері өткен сайлауларға қарағанда әлдеқайда жауапты және олардан сайлаушылар арасында бұқаралық-саяси жұмысты белсене жүргізуді талап етеді. Үгітшілер коллективі әсіресе жас сайлаушылармен көп жұмыс жүргізуде.

Үгіт пунктіне сәулеттік кезекшілер бар. Олардың көпшілігі тәжірибесі мол, көптен үгітші болып істеп келе жатқандар. Көзір үгіт пунктінің үйі үгіт-бұқаралық жұмыстың орталығына айналған. Мұндалық толып отырған сайлаушыларды көруге болады. Кезекші үгітшілер

жоқ үгітші Дурнев жолдас та сменалық тапсырмасын 150-180 проценттен кем орындап көрген емес.

Сайлау комиссияларының мүшелігіне сайланғандар — өндіріс оңаттары мен жаңашыларды. Күнделік тапсырмасын 160-190 процент орындайтын оңат ет тураушы Имамов жолдас сайлау комиссиясының мүшесі ретінде өз міндетін белсенділікпен атқаруда. Ал 25 жылдан бері өндіріс оңаты атағына ие болып келе жатқан Исмаев жолдас сайлау комиссияларының жас мүшелеріне жұмысты қалай істеу керектігі жайында түсінік беріп отырады.

Сайлау әзірлік жұмыстары өндірістік және саяси зор өрлеу үстінде өтуде. Комбинаттың жұмысшылар коллективі сайлау алдындағы социалистік жарысты барынша өрістете бермек.

**И. АНУФРИЕВ,**

**№ 31 участоктің сайлау комиссиясының председатели.**

жөндеткіні қондырғылар алды. Сінежталдағы № 10 шахтаның кеңешілеріне арналып көмір сорттайтын грохоттар жасалды. № 3 — Орталық шахтаның адресіне көмір тасымалдауға арналған пластинкалы питательлер жөнелтілді.

Халықтық Қытайдың кеңішілеріне арналып небәрі 7 миллионнан аса сомның әртүрлі көмір машиналары мен механизмдері жасалды.

### ТАПСЫРМАНЫ ГРАФИКТЕН БҰРЫН ОРЫНДАУДА

**СЕМЕЙ, (ҚазТАГ).** Семейдің метиз-фурнитур заводы өзінің өнімімен Қазақстанның, Орта Азия мен Сибирьдің тігін және аяқкіім өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарын жабықтайды.

Кәсіпорындар бұйымдары жылы шығарылатын бұйымдардың асортиментін едәуір көбейтіп, оларды өндіруді ұлғайтады. Винтті сым шығарыла бастады. Ұлтан шегелейтін шеге өндіру игерілуде.

коллективі өткен жылды ойдағыдай аяқтады. Артель мүшелері социалистік жарысты өрістетудің нәтижесінде өнім шығарудың жылдық жоспарын 108 процент етіп орындады. Жыл аяғында жоспардан тыс 160 мың сомның өнімін беруді қамтамасыз етті. Артель көзінді өзінде-ақ бесінші бесжылдық жоспарын асыра орындап, желесі бесжылдықтың есебіне жұмыс істеуде.

Артель адамдары жаңа жылда да жаңа қарқымен жұмыс істеп, өнімнің мөлшерін арттыра беру үшін жарыста алған міндеттемелерін январьдың алғашқы күндерінен бастап ойдағыдай орындап келеді. Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарту беруде Ә. Уәлиев жолдас басқарған тарақ цехы алда келеді. Цех коллективі январь айының алғашқы онкүндігінің тапсырмасын 120 процент етіп орындады. Бұл цех 1954 жылдың өндіретін программасын 136 процент етіп орындаған болатын.

Тарақ цехының өндіріс оңаты С. Да-

мен орындау үшін қажырлылықпен еңбектенуде. Ол сменалық нормасын үнемі 170-180 процент етіп орындап жүр. Сол сияқты, тарақ өңдеуші Е. Чунихина, тарақ жесуші Ф. Курченко жолдасар да сменалық тапсырмаларын біржарым еседен асыра орындап, еңбек өнімділігін арттыра беру үшін күресуде.

Артельде былғары-галантерей цехы да өнім мөлшерін көбейтіп, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсарту түсу үшін еңбек өнімділігін арттыра беруде. Мұнда, әсіресе, чехоман істеуші Р. Мұхамеджанов жолдас жарыста алған міндеттемелерді орындауда артель бойынша алда келеді. Ол сменалық нормасын 180-190 процент етіп орындайды.

«Галантерейщик» артелінің коллективі январь айының тапсырмасын мерзімінен әлдеқайда бұрын орындады.

**Е. ГОЛИКОВ,**

**«Галантерейщик» артелінің председатели.**

### Қарқынды еңбек

Электр өнеркәсібі Министрлігі Петропавл заводының коллективі Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарлы мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасын қызу құттықтап қарсы алған еді. Олар астанамыздың өндірісте озғандарының іс үлгілері мен бай тәжірибелерін өз жұмыстарына бағыт енгізді.

Завод коллективінің бесжылдықтың төрт жылында шығарған өнімі төртінші бесжылдықтағы өндірілген өнімнен 1,7 есе асып түсті. Бұл мерзім ішінде заводтағы жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің саны 30 процентке дейін артты. Завод коллективі еңбек өнімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту беру және өзіндік құнын мейлінше көп кеміту жолында күресуде.

**Қ. СӨРСЕКЕЕВ.**

## Халықтар достығы — Совет мемлекетінің күші мен қуаттылығының қайнар көзі

Совет халқының аса ұлы жеңісі халықтардың біздің елімізде қалыптасқан туысқандық достығы болып табылады. Барлық халықтарының жан-жақты өркендеуге шексіз мүмкіндігі бар, барлық ұлттарын біртұтас мақсат — коммунизм орнату мақсаты біріктірген Совет Одағы көп ұлтты мемлекеттің үлгісі болып табылады. ССРО Конституциясында Совет Одағы азаматтарының тең праволылығы олардың ұлтына және нәсіліне қарамастан, шаруашылық, мемлекеттік, мәдени және қорамдық-саяси өмірін барлық салаларында да бұлжымас заң болып табылады деп жазылған.

ССРО-ға 60-тан астам ұлттар, ұлт топтары және халықтар біріккен. Олардың бірі тең праволы, олардың мүдделерін біздің Конституция берік жүзетеді. Совет өкіметі олардың еркін өркендеуіне барлық мүмкіншіліктер тудырды.

\*\*\*

Революцияға дейінгі Россия халықтар үшін түрме болды. Париз, буржуазия, помещиктер Россияның ұлт аймақтарына өздерінің отары ретінде қарады және оларды алусыз тонауға ұшыратып отырды. Орыс емес ұлттардың еңбекшілерін екіжақты езудің — әлеуметтік және ұлттық езудің қысты. Елде халықтар арасындағы жаулықтың айуандық идеологиясы, ұлыдержавалық шовинизм идеологиясы өріс алып тұрды. Қайыршылық, правосыздық, нағандық орыс емес халықтардың бәріне де тиген үлес болды. Қанаушы таптар халықтар арасына араздық сеңгі.

Ұлы Ленин құрған Коммунистік партия өзі өмір сүрген алғашқы күндерден бастап ұлттық езудің қарсы, барлық ұлт еңбекшілерінің революциялық жалпы

майдамын құру үшін, империализм езгісіне қарсы күреске шықты. Өз қызметінің нақ басынан бастап партия пролетарлық интернационализм мен халықтар достығы идеологиясының туын көтерді. Лениннің талап етуі бойынша РОДЖИ-ның II съезі партияның программасына ұлттардың өзін-өзі билеу правосын тану туралы пункт енгізді. Партияның басшылығымен орыс пролетариаты ұлт аймақтарының барлық еңбекшілерін әлеуметтік және ұлттық азаттық жолындағы күреске топтастырып, көтеріп отырды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Россиядағы капитализмді жойды, қанауды, езудің барлық түрін, олардың ішінде ұлттық езудің ең қаталығын да жеткізе алмады. Совет өкіметі өмір сүруінің алғашқы күндерінде қабылданған «Россия халықтары правосының декларациясы» Россия халықтарының теңдігі мен суверендігін, бөлінуіне және дербес мемлекет құруына дейін олардың өзін-өзі билеу правосын жариялады. Совет өкіметі ұлттық артықшылықтар мен шек қоюшылықтың бәрі де жойды және барлық елді ұлттардың еркін өркендеуін жариялады.

Азамат соғысының от-жалынында, барлық ұлттардың еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен Советтердің жас республикасын біздің елімізде капитализмді қайта орнатуға тырысқан интервенцияның басқыншылығы мен ішкі контрреволюция күштерінен қорғал жатқан кезде, Россияның еркін халықтарының ынтымағы нығайып үстінде болды.

Біздің партиямыздың Лениндік-сталиндік ұлт саясатының ірі жеңісі 1923 жылғы декабрьде ұлт республикаларының Советтік Социалистік Республикалар Одағына бірігуі болып табылды.

Коммунистік партия шаруашылық және мәдениет жағынан бұрын артта қалған ұлттардың іс жүзіндегі теңсіздігін жоюға бағытталған бірқатар аса ірі шараларды жүзеге асырды. Соғыстан бұрынғы бесжылдықтар ішінде Коммунистік партия мен Совет мемлекеті шет аймақтық ұлт-республикаларында көзінді замандық индустрия ошақтарын жасауға республикаларды экономикасы мен мәдениетінің жоғары өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған орасан зор жұмыстар жүргізді.

Барлық республикаларда да халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетудің негізі — көзінді заманның қуатты ауыр индустриясы жасалды. Ауыр шаруашылығына түбірлі өзгеріс енді. Ол ірі, коллективтік және жоғары механикаландырылған шаруашылыққа айналды. Түрі жағынан ұлттық, мазмұны жағынан социалистік мәдениет зор өркендеуге жетісті. Сөйтіп, Коммунистік партияның кеменгер саясаты арқасында соғысқа дейінгі жылдардың өзінде-ақ ССРО халықтары арасында шаруашылық және мәдениет жағынан іс жүзіндегі теңсіздік қамтамасыз ету сияқты тарихи міндет ойдағыдай шешілген болатын. Бұл істе орыс халқының туысқандық көмегі зор роль атқарды.

Совет Одағында ұлт мәселесінің ойдағыдай шешілуіне әсер еткен аса маңызды жағдайлардың бірі Коммунистік партияның ұлыдержавалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдыққа қарсы, буржуазиялық ұлтшылдықтың қандай да болса көрінісіне қарсы жүргізген бітпес күресі болды. Партия еңбекшілерді пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеп келді және тәрбиелеуде.

Социализмнің жеңуі Совет Одағы халықтарының достығын бұрынғыдан да нығайта түсті. Бұл достық Ұлы Отан соғысының қатал сындарына төтеп берді. Соғыстың барысында ол бұрынғыдан да берік нығайды және мызғымас күшке айналды. Барлық ұлттардың совет патриоттары жауға қарсы көтерілі және осы уақытты патриоттық өрлеу фашист басқыншыларын жеңуді қамтамасыз еткен шешуші шарттардың бірі болды. Ұлы Отан соғысында барлық нәсілдер мен ұлттардың тең праволылығының советтік идеологиясы, халықтар арасындағы достық идеологиясы айуандық ұлтшылдық пен нәсілдік өшпенділіктің адамды жеккөргіншілік фашистік идеологиясына жеңіп шықты.

Халықтар достығының қуатты күші өте қысқа тарихи мерзімде — бірнеше ғана жылдар ішінде — соғыс кеселінен болған ауыр жарақаттардан айығу, халық шаруашылығын қалпына келтіру және социалистік экономиканың жаңа өрлеуіне жетісу мүмкіндігін жүзеге асыруды қамтамасыз етті.

Соғыстан кейінгі жылдарда біздің еліміз Коммунистік партияның басшылығымен бұрынғыдан да жоғары жаңа саптыға көтерілді. Совет халқы партияның XIX съезінің қарарларын жүзеге асыра отырып, экономиканы және мәдениетті өркендетуде, еңбекшілердің тұрмысын жақсартуда елеулі жаңа табыстарға жетісті. Барлық ұлт республикаларының еңбекшілері бесінші бесжылдық жоспарлы мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа белсене қатысуда.

Соғыстан кейінгі кезең ұлт республикаларының экономикасы мен мәдениетінің оңал өрі гүлденуінің айғағы болды. Мәселен, Өзбек ССР-і алайық. Мұнда бесжылдықтар ішінде Беговат, Чирчик, Ангрен, Ленииск және басқа да өнеркәсіп орталықтары туып, жетілді. Интеллигенцияның ұлт кадрлары ондаған мың жаңа мамандармен толықты.

Соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде өзбек жұмысшыларын Орал мен Запорож-

скінің болат балқытушылары, Кузбасс пен Донбастың шахтерлері, Баку мен Эмбаның мұнайшылары, Ленинград пен Москваның машина жасаушылары даярлап отырды. Алайда көзір мамандарды өзбектің 330 мектептері, техникумдары мен жоғары оқу орындары барған сайын көптеп даярлауда. Республиканың 34 жоғары оқу орнында 40 мыңдай студент оқиды. Республиканың тылым Академиясында 96 ғылыми-зерттеу мекемелері бар, оларда 5 мыңнан астам ғылыми қызметкерлер жұмыс істейді. Көзір Өзбекстанда 26 театр, 3500 клуб және мәдениет сарайлары, 3 мыңнан астам кітапхана, 16 музей бар.

Немесе жақында өзінің жыйырма бес жылдығын атап өткен Тәжік ССР-і алайық. Жыйырма бес жыл ішінде республикада ірі кәсіпорындарының саны 30 еседен де көп артты. Тәжікстан мақта-шикізатын өндіру жөнінен Совет Одағында ең ірі базалардың біріне айналды. Мақтаны тегіс жыйнау 25 жылдың ішінде 10 есе дерлік өсті. Республиканың колхоздары мен совхоздарында қорамдық мал басы 3 еседен артық ұлғайды. Республикада мәдениеттің өркендеуін мына мәліметтер көрсетеді. Тәжікстанда 2500 мектеп бар. Оларда 300 мыңнан астам балалар оқиды. 9 жоғары оқу орны мен 33 арнаулы орта оқу орында квалификациялы мамандардың көптеген ұлт кадрлары даярланып жатыр.

Советтік ұлт республикаларының өркендеуіндегі, ССРО халықтарының туысқандық достығы нығайып отырған зор табыстар, әсіресе өздерінен ұлттық езушілік пен нәсілдік өшпенділік тәртібі орын алған капиталистік елдердің түңерген шыңдығымен салыстырғанда өте айқын көрінеді. Британ империясында ағылшын отарлары мен доминиондарының 490 миллион халқы (империяның бүкіл халқы 540 миллион адам) ешқандай да праволармен пайдаланбайды және нағыз асыққан капиталистік қанаудың объектілері болып табылады. АҚШ-тың 15

миллион негр халқы правосыз. Отарларды және тәуелді елдерді тонау, ұлттық қанал езушілік, нәсілдік өшпенділікті, төмен нәсіл «теориясы» уағыздау — империалистердің «ұлт саясаты», яғни, осындай.

Тек социализм ғана езушіліктің барлық түрін, оның ішінде ұлттық езушілікті де жойды, тек социалистік мемлекет қана халықтардың нағыз бостандығын, ұлттардың нағыз достығын қамтамасыз етеді. Бұл — дүние жүзіндегі туңғыш көп ұлтты социалистік мемлекет — Совет Одағының үлгісінен айқын көрініп отыр. Бұл — ұлт мәселесін шешуде Совет Одағының өте бай тәжірибесін пайдалана отырып, халықтар достығын нығайтып, оларды социализм құру ісіне топтастырып жатқан Қытай Халық Республикасы мен басқа да халықтық демократия елдерінің үлгісімен келеденей.

\*\*\*

Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің және РСФСР мен Одақтас республикалардың Жоғарғы Советтерінің сайлау науқаны біздің елімізде күннен-күнге кеңінен өрістей түсуде.

Сайлау нағыз демократиямді, халықтың өз еркін білгіруді қамтамасыз ететін ССРО Конституциясы негізінде өткізіледі. Дауыс беруге нәсілдік және ұлттық тегіне, жынысына, діни сеніміне, білім деңгейіне, отырықшылығына, әлеуметтік теңіне, ал-ауқат күйіне және бұрынғы қызметіне қарамастан ССРО-ның кемелге келген барлық азаматтары қатысады.

Алдағы сайлау совет қоғамы дамуының қуатты қозғаушы күштері, Советтік көп ұлтты мемлекеттің күші мен қуаттылығының қайнар көзі — совет қоғамының моральдық-саяси бірлігін, еңбекшілердің патриотизмін және ССРО халықтарының мызғымас достығын тағы да бейнелейді.

**И. ГРИГОРЬЕВ.**

# Колхоздың жылдық есеп жұмысы тездетілсін

1954 шаруашылық жылының қорытындысын шығару — колхоздар мен колхозшылардың өміріндегі қазіргі аса маңызды оқиға. Өткен жыл қасырлар бойы шұғыл түрдегі тімгер тың жерлерді игеру арқылы астық өндіруді өркендетудің тұңғыш жылы болды. Облысымыздың колхоздары партия мен үкіметтің материалдық-техникалық қамқорлығына сүйене отырып, тың және тымтайған жерлерді игеру жоспарын толық орындап шықты. Бұл істе облысымызға тың игеру жөнінде көмекке келген патриоттар үлкен роль атқарды.

Облыс колхоздарының өткен жылы ақпалай табысы 1953 жылғытан әлдеқайда көп болды. Мысалға Полудень ауданының колхоздарын алайық. Бұл ауданын колхоздарының 1954 жылғы ақпалай табысы 1953 жылғыдан 21 процент артық болды, соның ішінде мал шаруашылығынан алынған өнім екі есе арттырылды. Мұндай табыстарға Булаев ауданының Коввалов, Ильич атындағы МТС-тердің қамтуындағы колхоздар да ие болды.

Преснов ауданындағы Маленков атындағы ауылшаруашылық артелінің шаруашылығы жылдан-жылға өрге басып келеді. Егер бұл колхоздың 1953 жылғы ақпалай табысы 1 миллион 153 мың сом болса, 1954 жылғы табыс біржарым миллионнан асып отыр. Мұнда колхозшылар әрбір еңбек күнге 2 килограмнан астық және 5 сомнан ақпалай табыс алды. Колхоздың жыл ішіндегі ақпалай және заттай табысын оның көптігі пайдалануына бекітіліп берілген жер көлеміне шамданда, әрбір 100 гектар жерге 8045 сом ақша, 212 центнер дәнді дәкіл, 3,5 центнер картоп, 1,2 центнер омыс дәндері, 2,3 центнер сүт, 7,8 центнер ет келеді.

Дегенмен, бірқатар колхоздарда табыстың артуы әлі де ойдағыдай болмай отыр. Мұндай колхоздардың қатарына Петропавл ауданының Жамбыл атындағы, Фурманов атындағы колхоздарын қосуға болады. Аталған колхоздарда жылдық табыс 300 мың сомнан аспайды. Бұл, әрине, колхоздардың пайдаланып отырған техника күшіне, ішкі мүмкіншіліктеріне қарағанда, мүлдем төмен көрсеткіш. Ішкі мүмкіншіліктерді дұрыс пайдаланбай отырған колхоздардың бірі Ковалов ауданындағы «Путь Ильича» колхозы. Оның жылдық ақпалай табысы — 408 мың сом ғана. Мұның ішінде өткізіліктен түскен кіріс небары — 10 мың сом. Міне, бұл көзтірілген цифрлар аталған колхоздардағы шаруашылық басшыларының іске қабілетсіз, жұмысты ұйымдастыра білмейтін адамдар өкенин анық дәлелдейді.

Колхоздарда еңбек күнге аванс төлеуде мал шаруашылығынан түскен ақпалай табысты бөлуді маңызды ерекше зор өйгені бұл — колхозшылардың мал шаруашылығын өркендете беруде ынталылығын арттыратын бірден-бір қозғаушы жағдай. Бұл жөнінде Булаев ауданының біршығыра колхоздары, атап айтқанда, Полудень, Коввалов, Преснов

шаруашылығынан түскен табыстан қанша бөлінгеніне ерекше бақылау жасағаны жөн. Егер жыл бойына колхозшыларға аванс бөлінбеген болса, онда мал шаруашылығынан түскен табыстың 10 проценті сол күнде колхозшыларға берілетін болуға тиіс.

Бұл сыяқты шаруашылық-финанс жұмыстарының колхоздарда тынақты жүруі үшін табыстар есебіне жүйелі бақылау жасап, оларды қадағалы есепке алып отыру қажет.

Кәзір шаруашылық есепті жыйнақтайтын жылдық есеп басталды. Колхоздарда есеп жұмысының ойдағыдай жүруін, ақпалай және заттай табыстың дұрыс бөлінугін қамтамасыз ету үшін осы кезде барлық колхоздарда мал-мүлікті хаттау жұмысы толық аяқталмақ.

Облысымыздың бірқатар колхоздары есеп жұмысын тынақты жүргізе білу нәтижесінде кәзір шаруашылықты қаттауды аяқтады, жылдық есеп жасады. Мысалы, Полудень МТС-нің қамтуындағы Ленин атындағы, Ворошилов атындағы, Аманкелді атындағы колхоздары жылдық есеп жасауды толық аяқтап отыр. Сондай-ақ Соколов МТС-і қамтуындағы колхоздар да жылдық есеп жұмысын аяқтауға жуық. Колхоздарда жылдық есепті тез аяқтауға Ворошилов атындағы, Коввалов, Семиполка, Преснов МТС-терінің де жанды басшылық жасап, әлеумі көмек көрсетіп келе жатқанын атап айту керек.

Бірақ жылдық есеп жасауға әзірлік жұмысында әлі де үлкен кемшіліктер орын алып отыр. Петропавл, Совет аудандарындағы колхоздарда осы уақытқа дейін мал-мүлікті хаттау жұмысы да аяқталмаған. Бұл — колхоз басқармаларының есеп жұмысына жанды бақылау жасамауының салдары. Оның үстіне, колхоздың есеп жұмысына МТС директорлары мен ондағы қуаңсаушы-бухгалтерлер бұл жөніндегі жауапкершіліктерін мүлдем ұмытқан.

Сартомар және Совет МТС-індегі нұсқаушы-бухгалтер Васюков, Әбдірахманов жолдастар колхоздарда жылдық есеп жайының қандай екенін білмейді. Колхоз тарға барып, бұл жөнінде көмек көрсетпейді.

Жылдық есеп жасау жұмысын, әсіресе, Горангүл, Налобин МТС-тері қамтуындағы колхоздар мүлдем сылдыр жүргізуде. Бұл МТС-терге қарайтын колхоздардың бірде-бірінде жылдық есеп жасау толық аяқталған жоқ. Ал МТС директорлары Петров, Андришков жолдастар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасын колхоздарымызда жылдық есеп 1 февральда, яғни мемлекеттік мерзімде аяқталады деп жалған уәде берумен келеді.

Колхоздарда жылдық есептің мерзімінде аяқталмауына, көп жағдайда, МТС-тер себепкер болып жүр. Олар колхозға жанды көмек көрсету орнына, кейде бөгет жасайды. Мысалы, Булаев МТС-індегі нұсқаушы-бухгалтер Гарнушкин жолдаһыз жылдық есеп кезінде демалысқа

қанда, Булаев, Чистян МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда егін шығымы төмен болуына байланысты трактор бригадасында істегендердің еңбек күндерінен қанша кемітілгендігі жөніндегі ведомості осы уақытқа дейін жібермеген. Сондықтан бұл МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда есеп жұмысы мүлде ұзаққа созылу қаупі бар. Ал Ново-Георгиев МТС-інің қамтуындағы колхоздарда декабрь айының бухгалтерлік есеп-қыйсап жұмыстары әлі күнге дейін аяқталмаған.

Кәзіргі кезде МТС-тердің бастауыш партия ұйымдары, мамандарының және колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы алдында тұрған зор науқан — жылдық есеп. Олар бұл аса жауапты істің Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысында көрсетілгендей, 5 февральға дейін аяқтап, колхозшылардың көпшілік жыйналысында бекітуге тиіс. Сөйтіп, 20 февральға дейін колхоздардың жылдық есебі аудандық атқару комитеттерінде қаралып, МТС аймақтары бойынша тұтас есеп жасауды қамтамасыз етуге міндетті.

Колхозшылардың көпшілік жыйналыстарында МТС директорлары өткен жылда жасасқан договордың қалай орындалғанын баяндауға тиіс. Жыл ішінде жүргізілген жұмыстың сапасына, МТС-тің жалпы жұмысына, сондай-ақ оның мамандарының жұмысына анализ жасайтын, колхоз басқармасының шаруашылық-финанс жұмыстарына жасаған басшылық стиліне баға беретін де, ілгеріге жол сілтейтін де осы жыйналыс.

Жыйналыс заңды жұмсалған ақша қаражаттарын, малды және заттай өнімді қолма-қол өндіріп алуға, ауылшаруашылық артелінің Уставын бұрмалаудың қандай түріне болсын қарсы пәрменді күрес жүргізуге тиіс. Колхозшылар осы жыйналыста колхоздың басқарушы кадрларын сайлайды. Олардың басқарушы кадрларды жоғары және орта білімі бар ауылшаруашылық мамандарының іріктен алуына жағдай жасау қажет. Жыйналыстың жалпы ойдағыдай өтуі, жыл ішіндегі жұмысқа жан-жақты анализ берілуі, басқарма мүшелеріне іскер адамдардың іріктелуі мұнда сын мен өзара сынның көз өріс алуына тікелей байланысты. Сондықтан ең алдымен есеп беру, есеп беру-сайлау жыйналыстарында сынның күшті болуы шарт.

Бірақ осы кездегі бірқатар фактілер мұндай заңды талаптардың да көптеген жерлерде бұрмаланып отырығандығын анықтай түсуде. Мысалы, Полудень МТС-і қамтуындағы колхоздарда жылдық есеп аяқталды, оларды МТС қабылдап алды да. Бірақ міне, содан бері ондаған күн өтсе де, колхоздарда көпшілік жыйналысы өткізілмей келеді.

Колхоз байлығының арта түсуіне де және олардың аса табысты шаруашылықты пәрменді дамытуына жағдай туғыратын жылдық есеп пен есеп беру-сайлау жұмыстарындағы бұл сыяқты кемшіліктерді дереу жою — партия, совет және ауылшаруашылық органдарының



Новосибирск, Ефремов атындағы завод ауыр станоктар жасап шығарады. Жұық арада мұнда қуатты үшінші «157» модельді станокты құрастыру аяқталды. Станоктың салмағы 350 тонна. Бұл станокпен жуандығы 7 метрге дейін және ауырлығы 150 тоннаға дейінгі детальдарды жасап шығаруға болады.

## Құрастырмалы темірбетон өндіру ұлғайтылуда

Гиндешты қант зауытының құрылысшылары 50-ге жуық тұрғын үйлер, тұрмыс қажетін өтейтін орындар және өнеркәсіп үйлерін салды. Кәзір де осынауа жаңа объектілер салынып жатыр. Құрылыстарда құрастырмалы темірбетон кеңінен қолданылады. Бұл материалды өндіруді ұлғайту үшін механикаландырылған бетон заводу, қаржастарды ұштастырып, сварлайтын цех іске қосылды. Полигонда жүк көтеретін жылжымалы крандар орнатылды. Құрастырмалы темірбетон жасаудың еңбек көп жұмсалатын процестерін механикаландырудың нәтижесінде 1954 жылдың жоспары 165 процент орындалды. Бірқатар тұтас конструкциялардың орнына құрастырмалы конструкциялар қолдану жүздеген текшеметр ағаш үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қыс түскеннен кейін құрастырмалы темірбетон өндіру арта түсті. Арнаулы цех салынды, онда бетонды қыздыруға арналған бу котелі орнатылды, жылыту камералары, бетон торабы жабдықталды.

Құрылыстың инженер-техник қызметкерлері озы жұмысшылар мен бірлесіп қысқы жағдайда бөлшектер өндірудің желел әлісін тауып, оны қолданып жүр.

Инженер М. НОВАЛЬЦКИЙ.  
СТАНОК ЖАСАУШЫЛАР МЕТАЛЛ  
ҮНЕМДЕУДЕ

## Сын және библиография Жас ақынның жаңа жыйнағы туралы бір-екі сөз

Соңғы жылдарда республика жұртшылығына таныс бола бастаған ақын Аманжол Шамкеновтың жақында «Жасыл жайлау» атты өлеңдер жыйнағы жарыққа шықты. Ақын социалистік құрылыстың әр саласындағы халық еңбегін жырлауға белсене араласушылардың бірі. Сондықтан оның өлеңдері бейбітшілікті қорғауға, халықтар достығын, ұлы құрылыстарды, колхоз өмірін жырлауға арналған.

Жұртшылығымыздың өскен өмірі, бақытты тұрмысы олардың көркемсөзге деген таңдауын, талғауын күшейте түсуде. Адамдарымыз өздерінің еңбек үстіндегі, күнделікті өмірдегі тамаша сезімдерін, өршіл тілектерін заманымыздың жыршыларының жақсы жырларынан көргісі келеді. Дәл осы тұрғыдан қарағанда «Жасыл жайлау» жыйнағы, оқушының тілегін едәуір қанағаттандырғанмен жас ақынның әлі де болса көбірек ізденуі керектігін айқын көрсетеді.

Жыйнақ негізінен төрт бөлімнен тұрады. Мұндағы біраз өлеңдер социалистік ауыл шаруашылығын, колхоз өмірін, дәулетті жайлауды жырлауға арналған. Бұл тақырыпқа арналған «Жасыл жайлау», «Жайлау жыры», «Қызыл отауда», «Кездесу» өлеңдері бір-бірімен сюжеттік байланыстағы, белгілі мөлшерде оқушының есінде қаларлық оқығаға құрылған, бүгінгі колхоз адамдарының өмірін, еңбегін, бір-біріне көмегін, олардың мақсатын көрсететін тауір өлеңдер. Ақынның лирикалық өлеңдерінің бірқатары көңілге қонымды, оқушыны тебіренге алатын қысқа және белгілі ой қорытындысымен жыйнақталып отырады. «Ленин ескерткіші» деген өлеңінде ақын жас балара көсем идеяларының адамзатты бақытқа бастап келе жатқандығын, оны бүкіл адам баласы сүйегіндігін айтады. Бала жүрегінің көсемге деген сүйіспеншілігін шеберлікпен көрсетеді. Ұрпақтарға өмірден Ленин жолын қалауды ұсынады. Өлең көлемі жағынан қысқа болғанмен терең идеялы және көркемдікпен жазылған. Осындай өлеңдердің қатарына «Дәрігер Нина», «Делегат» өлеңдерін қосуға болады. Бұл өлеңдерде оқушының тақырыпқа байланысты ой-сезімін тауып, оларға «Солай-ау» дегізбек пікір көрсетіп, көп көңілдің ортақ сөзін айтып берерлік ойлар бар. Бірақ ақын лирикаларының бәрі сірдей осылай шықп бермейді.

Лирикалық жырларда ақын алған тақырыбында өзінің сезімдерін білдіру арқылы оқушысын тебіренге, қуанта алатын болуы керек. Бұл үшін өлеңде көркемдікпен берілген қорытынды, жыйнақтау болуы шарт. Осы жағдай Шамкеновтың көпшілік өлеңдерінде жоқ. «Темір жол бойында» деген өлеңінде ақын барлық байлық дәулетті, қаланы, қанал қазған, егін орган адамдарды, сәлт аттының қуантағынан поэзбен жарысып шауып жүргенін ақын вагонның терезесінен көріп өзі де қуанады. Ал оқушының сезімін оятарлық соны ой, тапқыр сөз жоқ, ақын өзі қуағанымен оқушысын қуанта алмаған. «Біздің таң», «Мақталы өлке», «Мақтаға

сапар» сыяқты өлеңдер осындай көркемдігі төмен өлеңдер. Дегенмен ақынның көркем сөздер тың ойлар беруге талпынатыны байқалады. «Қызыл отауда» деген өлеңінде:

Өр жүректен дүркіреп,  
Қуаныш қуып ұшқандай,  
Отан—ана кіріп кеп,

Қушағына қысқандай,—деп ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету туралы қаулыны естігендегі колхозшылардың қуанышын тамаша көркемдікпен береді. Бірақ мұндай көркемдіктер жыйнақта аз. Қорыта келгенде, ақынның барлық өлеңдерінде дерлік ортақ кемшілік болып саналатын нәрсе—оның поэзиялық көркем тілді әлі де болса толық меңгеруге жетіспеуі. Жыйнақтағы мұндай өлеңдерді тек қана идеясы сақтан тұр. Әрине, жағалы идея поэзияға деген халық тілегін қанағаттандыра алмайды.

Тіл мамандарына ақын болу міндет емес, ал ақындарға тіл маманы болу міндетті түрде керек мәселе. Шамкенов халық тілін толық меңгеруде көп еңбектенуі керек. Ол кейде сөздерді ұйқас үшін пайдаланады да, бірнәрсеге екінің нәрсе туралы айтылатын ұғымды таады.

Жарқыраған күніміздің  
Жұлмақ болған тамырын (68-бет).

Осындағы «күніміздің» «тамырын» деген екі сөзді ақын жанастырғанымен, оқыған кісі еріксіз күлерлік, халық ұғымына сәйкеспейтін пікір туган. Мұндай шалағайлықтар жыйнақта жиі кездесіп отырады.

Кейбір өлеңдерде логикалық салдарды туғызып отырған себептер көрсетілмегендіктен өмір істері өзі істеліп жатқанлай көрінеді.

Қайта гүлдеп сортаң жақ,  
Қайта есілдік тас шуын (7-бет).

Ақын кейде өзінің ақындық көркемдік тенеулерін нанымды етіп бере алмайды.

Май десе май екен, көкте күзді күн (20-бет).

немесе:  
Қуңгір-қуңгір қоңырау  
Соғылғандай салып ой... (39-бет).

Шамкеновтың мұндай тенеулері қате эпитимемалардан құрылған, тұрақсыз пікірлер болғандықтан оқушының мазмұн жағынан да, көркемдік жағынан да өзіне тартпайды.

Совет ақынына өзінің бар дауысымен халық атынан сөйлеуге право берілген. Сондықтан ақын адамдардың тілектерін, сезімдерін біліп оны жеткізе айта алағын болуы керек. Өзінің атынан айтылған идеялы, көркемдігі жоғары өлең көпшіліктің сөзі болғанда ғана ақынды халық таныйды. Бұл талапты қанағаттандыруда Шамкеновтың творчествосында әлі де болса кемшіліктер жоқ емес. Сондықтан да «Жасыл жайлаудың» авторынан өзінің ақындық шеберлігін жетілдіре беруі үшін өмірмізді терең зерттеп, көп ізденуді сұраймыз.

Әли МҰСАХАНОВ.

знамя» колхоздары елеулі табыстарға жетісті. Соның нәтижесінде аталған колхоздарда колхозшылардың еңбегіне тек мал шаруашылығынан түскен табыстың өзінен 115—140 мың сом ақша бөлінді.

Жалпы ақшалай табыстан еңбекке аванс бөлгенде, әрбір колхоздың, мал

нұсқаушы-бухгалтер Касенов жолдасты колхоздарға жылдық есеп жасауға көмекке жіберу орнына, оған МТС есебін жасауды міндеттеген.

Колхоздарда заттай және ақшалай табыстарды бөлу есебін шығаруға да бөгет жасап отырған МТС-тер бар. Атап айт-

міндеті.

Ф. КУРОВСКИЙ.

**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының колхоздар жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқармасының бастығы.**

## Қарт малшы

С. Көбеевтің «Қызылту» колхозында (Октябрь ауданы) мал күтуші болып істей бастағанына бірқатар уақыт өтті. Сондықтан да ол малдарды күтуге әбден мамананып алған. Ол өткен жылы 1000-нан астам еңбеккүн тапты. Осы еңбеккүніне 15 центнер астық, 3 мыңға жуық ақша және шөп алды. Оның үстіне колхоз басқармасы қарт малшыға қосымша ақыға бір тайша берді.

Қ. АБДУЛЛИН.

## Сабан буландырылып беріледі

Булаев ауданындағы «Новый путь» колхозында малға жемішті турап, нәрлендіріп беру жақсы ұйымдастырылған. Колхозда екі мал азығын буландырып жұмыс істейді. Ал, туралған жеміш әрқайсысына 62 центнер сыятын орманға сақталады.

Күн сайын малдарға 25—30 центнер сабан буландырылып, нәрлендіріліп, басқа мал азығымен араластырылып беріледі. Колхозда екі мал азығын буландыр-

ғыппен 538 центнер сабан туралып, нәрлендірілді. Онда жұмыс істейтін моторист Кохио жолдас өзінің күндік тапсырмасын үнемі асыра орындайды. Мал азығын буландыру, оны малдарға беру мал фермасының меңгерушісі Количенко жолдасның басқаруымен жүргізіледі. Сабан турауда жұмыс істейтін Игнатенко, Подоль, Головоредко жолдастар да еңбектің үлгілерін көрсетуде.

Ж. БАЗАРБАЕВ.

## Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартайық

Жақында болып өткен Ленин ауданы мұғалімдерінің январь кеңесі аудан мектептері жұмыстарындағы оқу жылының бірінші жартысында жіберілген кемшіліктерді жоюдың жолын көрсетіп, оқытушылардың алдына жаңа міндеттер қойды. Кеңесте қаралған мәселеден дұрыс қорытынды шығарған көптеген мектептердің оқытушылары өздерінің жұмысын жаңаша ұйымдастырып, табысты еңбек ете бастады. Оқушыларға сабақ беру мен тәрбие жұмыстары Петровка, Торангүл, Покровка, Булаев жетіжылдық, Ильинка орта мектептерінде анағұрлым жақсара түсті.

Бұл жөнінде Воложинск жетіжылдық мектебі коллективінің жүргізіп отырған жұмыстары үлгі, аларлықтай. Мектепте қол еңбегі сабақтары программа бойынша толық өткізіледі. Физика, химия, география пәндері бойынша өтілетін сабақтар көрнекі құралдарды үнемі пайдалана отырып, практикалық істермен тығыз байланыстыра жүргізіледі. Лабораториялық жұмыстардың да сапасы жақсарды. Оқытушылар коллективі мен мектеп комсомол ұйымы Пушкин атындағы МТС-тің комсомол ұйымымен тығыз байланыс орнатқан. Мұның өзі станцияға оқушылардың экскурсияларын ұйымдастыруға, олардың ауылшаруашылық машиналарымен танысуына мүмкіншілік береді.

Мектеп комсомолдары (комсомол ұйымының секретары Ибраев жолдас) сабақтан бос уақыттарында Ворошилов атындағы колхоздың мал өсірушілеріне көмектеседі. Демалыс күндері мал қоралары жанына шөп тасыйты, ал көптеген оқушылар жас төлдерді қамқорлықтарына алған. Мұнда оқытушы комсомолка Савина жолдасның басқаруымен пионер жұмысы да дұрыс жолға қойылған. Оқытушылар, оның ішінде, әсіресе комсомолгерлер сайлаушылар арасындағы үгіт-бақаралық жұмыстарға қызу қатысуға. Мектептің

көркемөнерпаздары сайлаушылар үшін бірнеше рет концерт қойып берді және бұл жөніндегі жұмыстарын оған әрі жүргізуде.

Мектептердегі тәрбие жұмыстарының негізгі түрі оқушылардың қоғамдық жұмыстарға белсенділігін арттыру, сол арқылы оларды еңбекке баулу болып табылады. Оқушылар үшін әр түрлі кештер өткізіліп, лекциялар оқытып, баяндамалар жасалуын ұйымдастырудың зор маңызы бар. Ал мұны мектеп комсомол ұйымы оқытушылар коллективімен бірлесе жұмыс істесе, жақсы ұйымдастыра алады. Мәселен, Ильинка орта мектебінің комсомол ұйымы орыс әдебиеті пәнінің оқытушысымен бірлесе отырып орыстың ұлы жазушысы А. П. Чеховтың творчествосына арналған әдебиет кешін өткізуді ұйғарды. Бұған дайындық жүргізуге барлық оқушылар қатыстырылды. Мұның өзі оқушылардың өз беттерімен көп ізденуіне, сөйтіп олардың білімдерін тереңдетуіне мүмкіншілік берді. Мектеп комсомол ұйымы спорт жұмысын жақсарту жөнінде де жақсы инициатива көрсетті.

Мектеп дирекциясы (директоры Лобанов жолдас) комсомолгерлердің тілегі бойынша шаңғы және басқа да спорт жабдықтарын сағып алуға жалғыз бірдей оқу қорынан жеткілікті мөлшерде қаржы босатты. Әрине, комсомол ұйымының жұмысы мұнымен ғана шектеліп қалмайды. Комсомол ұйымының секретары, оқытушы Фролов жолдас барлық комсомол мүшелерін оқушылардың оқу үлгерісін жақсартуға, олардың басқа оқушыларға үлгі-нәтиже болуына жұмылдырып келеді.

Бірақ ауданының барлық мектептерінің жұмысы жөнінде мұны айтуға болмайды. Ауданымызда әлі де болса оқу-тәрбие жұмысын ойдағыдай жүргізе алмай, өткен жарты жылдықта жіберілген кемшіліктерді жою үшін ешқандай шара қол-

данбай келе жатқан мектептер де бар. Осындай мектептердің бірі Жарғайың жетіжылдық мектебі. Бұл мектепте өткен жартыжылдықта оқу-тәрбие жұмысында едәуір кемшіліктерге жол берілді, политикалық оқудың шаралары жүзеге асырылмады, оқушылардың теориялық білімдерін тереңдету түсудің бірден-бір дұрыс жолы лабораториялық және практикалық жұмыстар өте қанағаттанғысыз жүргізілді.

Бұл кемшіліктер қазір де қайталануда. Көпшілік мұғалімдердің сабақ беру дәрежесі әлі де болса өте төмен. Ал мектеп директоры Шаймерденов жолдас оларға ешбір бақылау жасамайды. Ал егер оқытушылардың сабағына қатыса қалса, оған терең талдау жасап, жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді атап көрсетіп, оны келешекте болдырмаудың жолдарын көрсетпейді. Мәселен, Шаймерденов жақын да математика пәнінің оқытушысы Байгожин жолдасның сабағына қатысты. Байгожин директор сабақтан кейін талдау жасар, кемшіліктерді көрсетер деп күткен еді. Алайда, оның күткені болмады. Шаймерденов өткізілген сабаққа небары үш-төрт ауыз сөзбен ғана өзінің пікірін айтты. Мұндай «талдаудың» Байгожинді қанағаттандырмайтынымен де санасқан жоқ.

Мектепте орыс тілінен жас мұғалім Исыбаева жолдас сабақ береді. Оның педагогикалық тәжірибесі әлі аз, сабақ беруде көптеген кемшіліктер жібереді. Күнделікті сабақ жоспарларын мүлдем қанағаттанғысыз жасайды, болмаса мүлдем жасамайды. Ал оқытушылар коллективі жас оқытушыны алғашқы күннен-ақ қамқорлыққа алып, оған көмек көрсетуді ескермеген. Соның салдарынан Исыбаева жолдас қазір «өзім білемдікке» салынып, кемшілігін көрсеткен оқытушылардың сөзін тыңдаудан қалды. Жас педагогтің жұмысындағы кемшіліктерін жоюға қамқорлық жасау, ең алдымен мектеп директорының міндеті екендігін Шаймерденов жолдас мүлдем естен шығарған.

Сол сияқты, оқытушылар коллективі комсомол, пионер ұйымдарының жұмысы-

ның жаңашылары станоктар жасап шығаруда металл шығынын кеміту үшін күресуде. Өткен жылы олар 300 тонна қара және түсті металл үнемдеді.

Агрегаттардың конструкциясы жетілдірілуде. Осының нәтижесінде мәселен, универсалді винт жонатын токарлық станок бойынша металлдың жылдық шығыны 400 тонна қысқартылды. Көптеген бөлшектердің мөлшері көпшейтеді.

Завод жасап шығаратын көп шпиндельді автоматтар мен жартылай автоматтар 100 килограмна астамға жеңілдетілді.

Конструкторлық бөлімінің қызметкерлері технологтермен бірлесе отырып, бұйымдардың үлгісін өзгертті және оларды өңдеудің кеуірлым тиімді әдістерін қарастырды. Ыстық және суық штамповкаларды кеңінен енгізу металдың 30—40 процентін үнемдеуге мүмкіндік берді.

(СОТА).

на да көңіл бөлмейді, олардың тілектері мен ұсыныстарына құлақ қоймайды. Шыңдығында, мектептегі комсомол және пионер ұйымдары оқытушылардың ең бірінші көмекшісі болуға тиіс. Егер оқытушылар коллективі олардың көмегін орынды пайдаланған болса, оқу-тәрбие жұмысы да анағұрлым жақсарған болар еді.

Оқытушылар тек оқушыларға білім берушілер ғана емес, сонымен қатар ауыл-село еңбекшілерінің мәдениетін көтеру үшін күресушілер де болып табылады. Олардың өз бастарының жоғары мәдениетті болуының да зор маңызы бар. Бұл тұрғыдан қарағанда Жарғайың жетіжылдық мектебіндегі мұғалімдер коллективінің еңбекшілердің мәдениетін көтеруде зор күш екендігі даусыз. Бірақ бұл мектептегі оқытушы жолдастар өздерінің саяси білімін, мәдениеттілігін көтерумен шұғылданбайды. Еңбекшілер арасында лекциялар оқып, баяндамалар жасамайды. Ал олар оқыған лекциялардың сапасы өте төмен, тыңдаушыларды қанағаттандырмайды. Мәселен, мектеп директоры Шаймерденов жолдас Аманкелді атындағы колхоздың № 4 бригадасында «Марксизм-ленинизм діни сенімдер туралы» деген тақырыптағы лекцияны небары 12 минуттың ішінде оқып шыққан. Әрине, мұндай жағдайда лекцияның маңызының қандай болатыны өзінен-өзі белгілі.

Жарғайың жетіжылдық мектебінің жұмысындағы мұндай кемшіліктер ауданының басқа да мектептеріне тән жағдай. Атап айту керек, бұған ең алдымен аудандық оқу бөлімі кінәлі. Оқу бөлімінің қызметкерлері мектептерде болғанда ондағы кемшіліктерді жою үшін ешқандай практикалық көмек көрсетпейді. Тек мектепке келіп, кетті теген атына мез.

Жас ұрпақтарды тәрбиелеу—бүкілхалықтық маңызы бар, аса жауапты міндет. Бұл міндет барлық жұртшылық болып қолға алғанда ғана ойдағыдай жүзеге асады.

С. СМАҒУЛОВ,

ҚЛЖО Ленин аудандық комитеті мектеп бөлімінің меңгерушісі.

## Совхоз басшылары нені ұмытып отыр?

Өткен жылдың көктемінде Жамбыл атындағы жаңадан құрылған совхоздың жұмысшылары совхоз дирекциясына еңбекшілердің мәдениетті-дем алуына нақтылы жағдай турғызылмай отырғандығын айтып, тез арада кітапхана ашуды, клуб құрылысын бастауды талап еткенді.

—Бәрі де дұрыс. Мәдениет орындарының құрылысын қазірден бастап қолға алу керек.—десті совхоз директоры Татевский, партия ұйымының секретары Агапов жолдастар.

Шыны айтуды керек, алғашқы кезде бұл жөнінде кейбір жұмыстар істелген де болатын. 1600 сомның көркем, саяси және ауылшаруашылық әдебиеттері сатып алынды. Кітапхана ұйымдастырылып, оны басқару жұмысы Сизова жолдасқа тапсырылды. Жаз күндері кітапхана өзінің жұмысын палаткада жүргізді. Сизова жолдас өз ісіне өте жауаптылықпен қарап, совхоз еңбекшілерін кітаппен түгел қамту мақсатымен әрбір бригадаларда көшпелі кітапханалар ұйымдастыруының нәтижесінде кітап оқушылардың саны 200 адамнан асты.

Амаал не, бұл сияқты игілікті іс бұдан әрі бармады. Совхоз басшылары кітапханаға арнаулы үй, клуб салуды естен шығарды. Ысы түсісімен ақ кітапхананың палаткада жұмыс істеуіне мүмкіншілік болмады. Соның салдарынан Сизова жолдас барлық әдебиеттерді қоймаға салып қоюға мәжбүр болды. Кітапхана меңгеру-

шісі Сизованың және совхоз еңбекшілерінің бірнеше рет талап еткенінен кейін ғана совхоз директоры Татевский жолдас кітапханаға үй бермек болды. Ол айтқаны орындалды да. Бірақ ол үйді совхоздағы мәдениет орталығы, еңбекшілердің бірден-бір сүйікті орны—кітапхана деп атауға тіпті де болмайды. Мұнда қолда бар әдебиеттерді орналастыратын орын жоқ, кітаптар еденге үйіліп тасталған. Белме тар болғандықтан еңбекшілердің бір мезгіл кітап, газет, журналдар оқуына мүмкіншілік жоқ.

Совхозда клуб салу жұмысы да аяқсыз қалды. Клуб болмағандықтан көркем өнерпаздардың концерттері ұйымдастырылмайды, кинолар сапасыз көрсетіледі. Мәселен, соңғы 4-5 айдың ішінде небары бір рет ғана концерт берілген.

Совхоз еңбекшілері арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарының мұндай қанағаттанғысыз жүргізілуі Преснов аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Долгушев, совхоз директоры Татевский, партия ұйымының секретары Агапов және жұмысшылар комитетінің председатели Шур жолдастарды қынжылтар емес. Шыңдығында, мәдени-ағарту жұмыстары совхоз шаруашылығын өркендетуде маңызды роль атқаратындығын естен шығаруға болмайды.

С. ҚАНАФИН,  
(Өз тілшіміз).

## Біздің алғысымыз

Петропавлдағы балалар үйінде ата-аналарынан жастай айырылған балалар тәрбиеленеді. Балалар үйінің коллективі олардың тәрбиесіне өз білімдері мен күштерін аямай жұмсап келеді. Дегенмен тәрбие жұмысына барлық жұртшылық қатыстырылмайтын болса, олардың жақсы тәрбие алып шығуы мүмкін емес. Мұны біз әрқашанда есте ұстап, қала жұртшылығын үнемі өз жұмысымызға араластырып отырамыз. Ал қала еңбекшілері өз тарапынан балаларға үзбей қамқорлық жасап келеді.

Қаладағы электр жабдықтарын жасайтын завод (партия ұйымының секретары Вешкурцев жолдас) коллективі көп жылдан бері біздің балалар үйіне қамқорлық жасап келеді. Олар балалар үйіне үнемі материалдық көмек көрсетіп, балаларға қажетті ойыншық және де басқа заттар жасап береді. Ал Микоян атындағы ет-

консерв комбинатының коллективі жаңа жылдық елқара қажетті ойыншықтар алу үшін 875 сом қаржы, «Комсомолка» тігін фабрикасының жұмысшылары балаларға жаңажылдық киімдер тігіп берді. Сол сияқты шағын двигательдер заводы жұмысшылары жаңа жыл кешінде балаларға көптеген тартулар әкелді.

«Молот» кәсіпшілігі артелиннің жұмысшылары біздің балалар үйінің құрметті қонағы болып саналады. Олар бізге келіп, өздерінің еңбектегі табыстары жөнінде қызықты әңгімелер айтады.

Біз, балалар үйінің барлық коллективі, бізге үнемі қамқорлық жасап, көмектесіп отырған қала өндіріс орындарының жұмысшыларына шын көңілден алғыс айтамыз.

М. ШЕВЧЕНКО,

Балалар үйінің меңгерушісі.

## «Ленин туының» дабылынан кейін

### «Жастардың саяси біліміне көңіл бөлінбеген»

Газетіміздің өткен жылы 14 декабрдегі номерінде осы тақырыпта мақала жарияланған болатын. Онда ҚЛЖО Приешім аудандық комитеті комсомол оқуы жүйесінде жаңа оқу жылына дайындық жұмысын нашар ұйымдастырғандықтан бірсыпыра бастауыш комсомол ұйымдарында жастар саяси оқудан тыс қалғандығы айтылған болатын. Бұл жөнінде

ҚЛЖО облыстық комитетінің секретары Ж. Нурпейісов жолдас редакцияға мынаны хабарлады:

Мақала аудандық комсомол комитетінің бюро мәжілісінде талқыланып, сын дұрыс деп табылды. Активтерден колхозға 15 адам жіберілді. Кезір мақалада атап көрсетілген колхоздарда саяси үйірмелер ұйымдастырылып, олар жұмысқа жірісті.

# Халықаралық шолу

## ГЕРМАНИЯНЫҢ БЕЙБИТШІЛІГІ МЕН БІРЛІГІНІҢ МҮДДЕЛЕРІ ҮШІН

Герман Демократиялық Республикасының президенті Вельгельм Пик былай деп атап көрсетті: ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы өзінің Указымен бүкіл неміс халқымыз, — деп Пик, — ендігі жерде төрт державаның, неміс өкілдерін қатыстыра отырып, Германияның бірлігін қалпына келтіру туралы келіссөздер жүргізуін бұрынғыдан да зор іспен талап етуге тиіс.

Совет Одағы ешуақытта да, тіпті гитлерші басқыншыларға қарсы соғыстың ең сұрапыл күндерінде де, герман мемлекетін құруды немесе бөлшектеуді өзіне мақсат етіп қойған жоқ. Соғыс аяқталғаннан кейін Совет Үкметі біртұтас Германия құруға, онымен бітім договорын жасасуға және оның демократиялық даму жолына, Европаның халықтарымен достық және ынтымақ жолына түсуіне көмектесуге өзінің күш-жігерін ұдайы жұмсап келді және жұмсап келеді. Бірақ оның бұл күш-жігері Германияны бөлшектеуді мәңгі қалпында сақтауға және Батысгерманиялық милитаристер мен көкпішідерге еркіндік беруге тырысып отырған батыс державалары мен Бонн үкметінің қарсыласқан әрекеттеріне үнемі кездесіп келеді.

Соңдықтан да ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы, сондай-ақ Совет Үкметінің 15 январьдағы герман мәселесі жөніндегі мәлімдемесі де Вашингтонда ашықтан-ашық күйінші тудырғанына таңдануға болмайды. Американ насихаты Совет Одағының инициативасын «әдеттегі айла», «насихаттық қадам», тағы сондайлар деп жариялап, бұл инициативаның маңызын кемітуге барынша әрекеттенуде. Ал шындығында, мұны «Нью-Йорк таймс» газетінің мойындап отырғанындай, ССРО-ның Германия жөнінде жүргізіп отырған саясатының неміс халқының өртүрлі топтарында барған сайын кеңінен қосталып отырғанынан АҚШ-тың билеуші топтары қатты абыржуға.

Немістердің шын мәнісіндегі ойлары және олардың Совет Үкметінің инициативасына көзқарасы туралы Европалық елдердің көптеген буржуазиялық газеттері де жазып отыр. Мысалы, Данияның «Практикен» газеті былай деп атап көрсеткен: Германиямен соғысты тоқтату туралы Совет Одағының қарарына байланысты Германияда туған сезімдер мен ойлардың күштілігі соншалық, тіпті бұл сезімдер мен ойлар демилитарландыру саясатын оған әрі жүргізу жолында зор қыйыншылықтар тудыра алады. Италияның буржуазиялық «Массаджеро» газеті, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы батысгерманиялық жұртшылық арасында дұрыс көзқарас тудырғанын атап көрсете келіп, былай деп жазған: «Аденаурге және оның саясатына сенушілік азая бастады. Жуырда жасалған совет ұсыныстарына Аденаурдің соңғы сөзінде «жоқ» деп жауап бергені көпшілікке ұнамалы. Батысгерманиялық кәсіподақтар, сон-

да, Мұның өзі түсінікті де: неміс халқы Париж келісімдерін жүзеге асырудан өзінің хауіпсіздігіне апараты қатер төнетінін көріп отыр. Соңдықтан Париж келісімдерін бекітуге қарсы, Герман мәселесі жөніндегі келіссөздерді оған әрі жүргізу жолындағы қозғалыс Батыс Германияда барған сайын зор көлемде өрістеуде.

Совет Үкметінің герман мәселесі жөніндегі мәлімдемесінде жасалған ұсыныстарға Бонн билеуші топтарының теріс қарап отырғаны батысгерманиялық жұртшылықтың ойларымен тиісті де үйлеспейді. Мюнхенде шығатын «Ди национ» ағартушы былай деп жазды: «совет ұсыныстарын қабылдамау—қыйынсыз, тіпті анағұрлым қыйынсыз. Үкметтің келіссөздер жүргізу жолымен совет ұсыныстарының елеулі маңызын өзгертуін одан талап ету —бұндастатпн міндеті». Батысгерманиялық баспасөзде мұндай пікірлер көп айтылуда. Германияның бірлігін қалпына келтіру туралы талап сан миллиондаған немістердің көзқарасына қарамастан, солардың талабына айналды.

Париж келісімдерін жақтаушылар бұл келісімдерді бекіткеннен кейін де Германияны қайта қосу туралы келіссөздер жүргізуге болады-мыс деп бұрынғысынан даурығып отыр. Бұл сыяқты мылжың сөздер европалық елдердің жұртшылығын «тыныштандыру» мақсатын көздейді, өйткені, европалық елдердің жұртшылығы Париж келісімдерінің Германияның бірлігіне жетумен де, Европада хауіпсіздікті қамтамасыз етумен де сыйыспайтынын барған сайын айқын түсінуде.

Совет Одағының саясаты неміс халқының тағдырын ойлаған шын мәнісіндегі қамқорлықтан туып отыр және оның төл мүдделеріне толық сай келеді. Адал ниетті барлық немістер Совет Үкметінің герман мемлекетін тезінен біріктіруге және Германиямен бітім договорын жасасуға бағытталған ізгі ниетті күш-жігерін қолдамай отыра алмайды.

ССРО мен Германия арасындағы соғыс жағдайын тоқтатудың Совет-Герман қатынастарын нығайтып, оған әрі дамыту үшін зор маңызы бар. Совет Одағының бұл маңызды қадамы герман халқының біртұтас, бейбітшілік, демократиялық Германия жолындағы күресінде оған жаңа күштер береді.

## ИМПЕРИАЛИСТЕРДІҢ АРАНТЫҚ ШЫҒЫСТАҒЫ ТІМСІКІЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ

Соңғы уақыттағы фактілер империалистердің араб елдерін агрессияшыл соғыс блоктеріне қатыстыруға тырысып, бұл елдерде өз әрекетін тудырып отырғанын көрсетеді. «Орташығыстық командование» дейтінінің жобасын жүзеге асыру әрекеттері және «бірлескен қорғаныс» жоспары күйретілгеннен кейін американдық және ағылшын дипломаттары өздерінің күш-жігерін Орта Шығыс елдерін соғыс блогіне бір-бірімен қатыстыруға бағыттай бастады.

Түрік премьер-министрі Мендерестін жуырда Иракқа, Сирияға және Ливанға барған кезінде сапарының Түркия-Ирак

дері де ендігі жерде «Түркия-Пакистан одағында тағы бір буын» құрылатынын ашықтан-ашық атап көрсеткен.

АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес және Англияның сыртқы істер министрі Иден Түркия-Ирак келіссөздерінің нәтижелерін барынша құттықтап, мұны азиялық континенттің осы бөлегінде неғұрлым көлемді соғыс шартын құру жолындағы бірінші қадам деп бағалады.

Араб жұртшылығы империалистердің тімсікілеген әрекеттерін мұқият қалағанда, олардың агрессиялық жоспарларына барған сайын күшті қарсылық көрсетуде. Ерекше мәні бар жағдай сол, Мендересте Сирияға барған кезде онда бұқаралық демонстрациялар өткізіліп, демонстрацияға қатысушылар араб елдерінде соғыс блоктерін топтастыру идеясын батыл айыптады. Ливанда түрік премьерінің келіссөздері нәтижесіз аяқталды. Ливан үкметі соғыс договорын жасасу туралы қарар қабылдаудан бастартты.

Египеттің «Аль-Гумхурия» газеті, араб елдерінің соғыс топтарына қатысқысы келмейтінін атап көрсетіп, былай деп жазды: бұл топтарға қатысудан бастарту саясаты «араб бұқарасы тарапынан толық қосталуда, өйткені бұл саясат бұқараның бейбітшілік, бостандық, сонымен қатар әлеуметтік және экономикалық тыныштық мәселелеріндегі мүдделеріне сай шеледі».

Жақында Дамаска мен Бейрутта студенттердің демонстрациялары болып, бұл демонстрациялар мынадай ұрандармен өтті: «араб елдерін агрессиялық блокке қатыстырудың империалистік жоспарлары жойылысын!», «Түркия-Ирак договоры жойылысын!», «американдық соғыс және экономикалық «кемегі» жойылысын!». Сирияның, Ливанның, Египеттің және Орта Шығыстағы басқа елдердің үкметтері атына соғыс блоктерін құру саясатын үздік-кесілді айыптауды талап еткен көптеген хаттар мен телеграммалар түсуде.

Араб елдерінің үкметтері халықтың көзқарасымен санаспай отыра алмайды. Соңдықтан да Түркия-Ирак соғыс договоры жасалғаннан кейін іле-шала Каирда араб елдерінің лигасына мүше мемлекеттердің премьер-министрлерінің кенесі шақырылды. Кеңеске қатысушылар, араб баспасөзінің атап көрсеткеніндей, Ирактың сыңаржақ әрекеттеріне қарсы шықты. Египеттің ұлттық басшылық министрі Салах Салем, атап айтқанда, былай деп, мәлімдеді: «Түркиямен соғыс одағын жасасу Англиямен және АҚШ-пен жасалған одаққа қатысқандық болады», ал араб елдері «өздерінің ұлттық тәуелсіз саясатын жүргізуге тиіс».

Империалистердің Орта және Таяу Шығыстағы соғыс әзірліктері бейбітшіл араб халықтарының шын мүдделері мен талаптарына толығымен қайшы келеді. Американдық «Нейшн» журналының араб елдерін қаруландыру саясатының «тең батысқа қарсы бағытталған шығылдар тудыратындығы» жөнінде өтініш білдіріп отырғаны тегін емес.

Араб елдерінің халықтары өздерінің тәуелсіздігін қорғауға және империалистер

## Словакия Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің Пленумы

ПРАГА, 29 январь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігі былай деп хабарлайды:

28 январьда Словакия Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің Пленумы болды. Партияның Словакия Коммунистік партиясы съезіне дайындықтағы міндеттері туралы Чехословакия Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Словакия Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Карол Вацлжек баяндама жасады.

Словакия Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті 1955 жылғы 22 апрельде Братислава Словакия Коммунистік партиясының съезін шақыру туралы қарар қабылдады.

## Францияның Ұлттық жыйналысында

ПАРИЖ, 29 январь. (СОТА). «Юмани-те» газетінің хабарына қарағанда, француз коммунистік партиясының парламенттік тобының председатели Жак Дюкло үкметтің Ұлттық жыйналысты ескерместен республика президентінің Оңтүстік-Шығыс Азия үшін (Сеато) шарт деп аталатынды жүзеге асыруына келісім беруге ниеттенуіне байланысты арнаулы хат жазып, ұсыныс жасаған. Мұндай жағдай француз конституциясына қайшы шеледі және «Ұлттық жыйналыстың суверенитетіне елеулі шабуыл жасағандық» болып табылар еді деп атап көрсетеді Дюкло.

## Ағылшын халқының Батыс Германияны қаруландыруға қарсы күресінің күшейе түсуі

ЛОНДОН, 28 январь. (СОТА). Англия коммунистік партиясының бас секретары Гарри Поллит және партияның ұлттық ұйымдастырушысы Джон Голлан мәлімдеме жариялап, онда коммунистік партияның барлық мүшелері Батыс Германияны қаруландыруға қарсы наразылық білдіру науқанына белсене қатысуға шақырған.

Мәлімдемеді соңғы айда ағылшын халқының Батыс Германияны қаруландыруға қарсы күресінің өсуі күшейе түскендігі атап көрсетіледі. «Коммунистік партия ғана емес, — делінген мәлімдемеді, — лейбористік партия мен кәсіподақтар мүшелерінің, дех старосталарының, кооперативтік қозғалысқа қатысушылардың, әйелдер мен жастар өкілдерінің, жұртшылықтың барлық топтарының өкілдері болып табылатын бейбітшілікті жақтаушылардың басым көпшілігі Германияны қаруландыруға кедергі жасау және бейбітшілікті сақтау мақсатын көздейтін күреске қатысып отыр».

«Егер Германияның, Францияның, және Англияның халықтары, — деп атап көрсетілген мәлімдемеді, — бірлесіп қыймыл жасаса, Батыс Германияны қаруландырмауға және бейбітшілікті сақтауға болады».

## Американ сенатындағы заңды дауыстар

НЬЮ-ЙОРК, 28 январь. (СОТА). Американдық насихаты қорықтудың көмегімен қытай халқын өзінің Тайвань аралы мен Пэнхуледаудағы заңды шраволарынан бас тартуға мәжбүр етуге тырысып, Қытай Халық Республикасына қарсы жүргізілетін науқанын күшейтуде.

Алайда дәлірмен көп дауысты мәлімдемелердің ішінде американдық үкметі түсініп отырған жолдың ойдағыдай нәтижелерге әкелмейтінін ескертетін дауыстар да естілуде.

Мәселен 26 январьда демократ Лонт сенатта сөз сөйлеп, АҚШ президентіне Қытай Халық Республикасының қарулы күштерін Тайваньды «қорғау» сылтауы-

мен пайдалануға право беруге қарсы пікір айтқан.

Тәуелсіз сенатор Морзе президент Эйзенхауэр ұсынған қарардың жобасына қарсы шыққан. Морзе бұл жобаны қабылдау «соғыс мүмкіншілігін және болуықтаймалдығын» күшейте түсер еді деп атап көрсеткен. Мұндай қарары қабылдау, деп атап көрсеткен Морзе, қытайдың мемлекеттік суверенитетін арсыздақпен бұзғандық болар еді. «Егер қандай да болсын бір елдің, — деген ол, — ол жерінде белгілі бір қыймылдар жүргізілсе, қарсы біз агрессия хауіпін төндіреміз деп мәлімдесек, ол ақмақтық болар еді».

## Қыыр-Шығыстағы американдық әскери демонстрациялар

НЬЮ-ЙОРК, 27 январь. (СОТА). Американдық және ағылшындық телеграф агенттіктерінің көптеген хабарлары американдық үкметінің Қыыр-Шығыстағы ителісушілікті күшейтуге және қытай халқын қорықтатуға ұмтылып, Қытай жаралауларында Тайвань бұғазының суларында кеңейтілген әскери демонстрациялар өткізілуін ұйымдастыруда екендігін сыйпаттайды.

23 январьда Қытайдың шығыс жағалауындағы суларға келтірілген американдық жетінші флоттың кемелерінен (ол кемелердің құрамында 4 авионосец, 3 крейсер және 10 эсминец бар) тыс американдық үкметі Тайвань ауданына басқа да АҚШ қарулы күштерінің соғыс-теңіз және соғыс-әуе бөлімшелерін әкелген. Ассошиэйтед Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, 8 февральда Лос-Анжелостан қыйыршығыстық суларға бару үшін үш ауыр крейсер және сегіз эсминец шығатын көрінеді. Тіпшінің атап көрсеткеніндей бұл кемелер кәзіргі уақытта Тайвань бұғазында тұрған американдық жетінші флоттың қарамағына берілген.

Сонымен қатар Ассошиэйтед Пресс агенттігі тіпшісінің Сингапурдан берген хабарында кәзіргі уақытта онда тұрған

американдық 4 эсминец «кенетпен» Сингапур Гаваийнен «жүріп кеткен». «Эсминецтердің кенеттен жүріп кетуі олар формоза суларындағы американдық жетінші флотпен қосылуға кетті деген болжаулар туғызды» деп атап көрсетеді тіпші.

Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Токиодағы тілшісі сонымен қатар бұл ауданға американдық ірі соғыс әуе құрамаларының жөнелтіліп жатқандығын хабарлайды. Қыыр шығыстағы американдық соғыс әуе күштері командованиесінің мәлімдемелеріне сөйкес Тайвань аралына Окинавадан истребитель-бомбардировщиктердің 18-ші полкі және Филиппиньдан 44-ші истребительлер эскадрилиясы орналастырылғандығы атап көрсетіледі.

Тайвань аралына американдық генералдар келуде. Рейтер агенттігінің Тайбэйдегі тілшісінің хабарынан мәлім болғанындай онда Токиодан американдық бесінші авиация құрамасының командашысы генерал-лейтенант Рамэй және оның орынбасары бригада генералы Грант жүріп кеткен. Сол сыяқты, ертең Тайбэйге Қыыр Шығыстағы американдық қарулы күштердің командашысы генерал Хэлдің келуге тиісті екендігін атап көрсетеді.

## Американ әскерлерінің Испаниядағы маневрлері

ПАРИЖ, 29 январь. (СОТА). «Монд» газетінің хабарына қарағанда, кәзіргі уақытта Испания жерінде американдық әскерлерінің маневрлері өтіп жатқан көрінеді. Мұның өзі Құрама Штаттар үкметінің Испанияны Атлантикалық одаққа қатыстыруға ұмтылып отырғандығының айқын сыпаттамасы болып табылады. Сол газеттің мәліметтеріне қарағанда, Вашингтон мен Мадридтің дипломатиялық өкілдері кәзіргі уақытта өздерінің қарым-қатынастарын «терең зерттеуге» кіріскен. Құрама Штаттар мен Франциялық Испанияның соғыс-экономикалық

өзара қарым-қатынастары испан жерінде американдық әуе-соғыс және соғыс-теңіз базаларының жүйесін салуды, сол сыяқты, испан экономикасын милитарландыруды көздейтін 1953 жылғы 26 сентябрьде жасалған соғыс және экономикалық келісімдерге негізделгендігі мәлім. Американдық бұл базаларды салудың барлық ауыртпалығы кәзіргі өзінде құрылыс материалдары мен электр қуатының тапшылығын басынан кешіріп отырған испан экономикасына түсіп отыр.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ФАНФАН-ТЮЛЬПАН»

«ФАНФАН-ТЮЛЬПАН»

тиялардың, соның ішінде аденәуэрлік христиан-демократиялық одақтың көптеген мүшелері де, Бонн үкметінің хауіпті, халыққа жат саясатына қарсы шығу-

жүріп жатқан агрессиялық соғыс блөктерін өздерін қатыстыруға жол бермеуге берік бел байлауда.

Д. БОЧАРОВ.

## Совет Одағы мен Германия арасындағы соғыс жағдайының тоқтатылуымен байланысты Герман Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің мәлімдемесі

БЕРЛИН, 30 январь. (СОТА). АДН агенттігі Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі жанындағы баспасөз ведомствосының мынадай хабарын таратты:

Герман Демократиялық Республикасының Министрлер Советі ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1955 жылғы 25 январьдағы Указы жөнінде мынадай мәлімдеме жариялады:

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1955 жылғы 25 январьдағы Указы, Германия Париж соғыс келісімдерін жыртып тастауға және бейбітшілік, демократиялық Германия құруға ұйғарған күнде ғана, оның бейбітшілікке және бақытты болашаққа жете алатындығының жаңа айқын айғағы болып табылады. Указ Германияның бейбітшілікпен қайта қосу және бүкіл неміс халқына толық суверенитет беру жолындағы жаңа қадам болып табылады. Аденәуэр өмірлік маңызы бар мәселеде де, сондай-ақ жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу туралы мәселеде де неміс халқы алдауға тырысуда. Ол Указда ешқандай жаңалық жоқ және Германияны өркендету үшін оның маңызы жоқ, өйткені батыс державалары мұндай мәлімдемені 1951 жылдың өзінде-ақ жасады-мыс дегенді айтуда. Соның өзінде Батыс державаларының соғыс жағдайын тоқтату туралы 1951 жылғы мәлімдемелерінің тек жаңа соғыс әзірлеуге және өзінің басты соққысы шығысқа бағытталатын еуропалық армия құруға ғана қызмет істеуге тиіс болғанын айтуды Аденәуэр ұмытып отыр. Бұл арам шпөттер бүгін таңда Па-

риж келісімдерінің жәрдемімен жүзеге асырылуда. Совет Одағының соғыс жағдайын тоқтату туралы мәлімдемесі біржақты соғыс одақтарын құруға емес, қайта Париж келісімдерін бундестаг қабылдамай тастараннан кейін бүкіл неміс халқы мен Совет Одағы арасында достық қатынастарды тезінен орнатуға жол ашуға бағытта-лып отыр.

Батыс одақтастарының мәлімдемелері неміс халқының ұлттық мүдделерімен сыйыспайды, өйткені бұл мәлімдемелер тек Германияны бөлшектендіру тереңдеге түсуге ғана қызмет етеді. Германияны оккупациялау Париж келісімдерінің салдарынан соғыс интервенциясы түріне айналады, бұл интервенция 1998 жылға дейін созылатын болады, сөйтіп, Батыс Германия суверенитеттен толық айырылады. Ал ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы, мұның керісінше, гитлерлік соғыспен байланысты әрекеттердің бәрін үзілді-кесілді жояды және бүкіл неміс халқының бейбітшілік пен бостандықта өзінің болашағын орнатуына мүмкіндік береді.

Указ федералдық республиканың, мұны тілеген күнде, Совет Одағымен бір қалыпта қатынастарды тезінен орнатуына және Париж келісімдерін қабылдамай тастараннан кейін Герман Демократиялық Республикасымен бірлесе отырып, жалпыгерманиялық еркін демократиялық сайлау өткізуге тезінен әзірліктер жасауына мүмкіндік береді. Бұл сайлауды 1955 жылдың өзінде өткізуге болады, сөйтіп, ол Германияны бейбітшілікпен қайта қосуды

ойдағыдай жақындата алады. Осындай бейбітшілікпен қайта қосылу Германияның агрессияшыл соғыс одақтарынан азат етілуіне, хауіпсіздік туралы жалпы-европалық договорға қосылу жолымен Германияның және Еуропаның бейбітшілігін сақтау ісіне өз үлесін қосуына мүмкіндік береді. Жалпыгерманиялық еркін сайлау, мұның үстіне, бүкіл Германиямен бітім договорын жасауға негіз қалайды. Демек, барлық оккупациялық әскерлерді Германиядан неғұрлым тез әкетуге жағдай тудырады.

Бұл тарихи зор мүмкіндік неміс халқы үшін ашылып, жүзеге асырылатын болып отыр. Ал кезде-кім мұны түсінігісі келмесе, сол адам неміс халқының болашақ ұрпағы алдында қылмыс жасайды. Сондықтан Герман Демократиялық Республикасы Париж келісімдеріне қарсы барлық күшімен күресуде, ал бұл келісімдер бекітілгендей жағдайда, ол бүкіл Германияның бейбітшілігін қорғауына жол бермеуі өзінің борышын бұрынғыдан да күшті жігермен орындайтын болады. Ол бейбітшіліктің және бейбітшілікпен қайта қосылудың тірегі болып отырғандықтан, Германияның бұл бөлегін герман милитаризмі мен империализмінің құлдығынан сақтау үшін барлық шараларды істейді. Аденәуэрдің соғыс бастауына жол бермеуі үшін Герман Демократиялық Республикасы Совет Одағы мен және бейбітшілік лагеріндегі барлық басқа мемлекеттермен достық қатынастар, өзіне беріп отырған барлық күшті пайдаланады.

### ЖАПОН КЕНШІЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

ШАНХАЙ, 29 январь. (СОТА). Жапон радиосының хабарына қарағанда, бүгін күжірт өндіретін «Хоккайдо ю» тау-кен компаниясы жұмысшылары кәсіподақтарының мүшелері «Хоробецу», «Огуци» және «Юхиру» рудниктерінде 48 сағаттық екінші ереуілді бастаған. Ереуілге демалыс кезінде берілетін көмектерді көбейтуді талап ететін 1200 жұмысшы қатысуда.

Бұл үш рудник елде өндірілетін күкірттің 20 процентін береді.

### ГЕНУЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ӘЛІ БОЛЫП ЖАТЫР

РИМ, 29 январь. (СОТА). «Унита» газеті Генуяда порт өнеркәсіп орындары еңбекшілерінің қаланың бүкіл жұртшылығы қолдаған ереуілі тоғыз күннен бері жүріп жатыр деп хабарлайды. Кеше порттың жүк тиеушілері ереуілшілерге тілектестік ретінде ереуіл өткізген. Сол сияқты, тілектестік ереуілдері Генуяға жақын жердегі Савон мен Вало порттарында да болған.

### БҰҰ СЕКРЕТАРИАТЫ АҚШ-ТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ СІЛТЕУІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Испан байқаушысын БҰҰ-ға шақыру туралы мәселе жайында

НЬЮ-ЙОРК, 27 январь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі Испания Біріккен Ұлттар Ұйымына байқаушы ретінде өзінің тұрақты өкілі жібереді және БҰҰ-ның бас секретары Хаммаршельд бұл мәселе жөнінде испан өлшісіне ресми хат тапсырды деген хабар жариялаған.

Бұл мәселені шешуде БҰҰ-ның бас секретарының ерекше асығыстық жасағандығы атап көрсетілді. Журналистер топтарында бұл жағдай шамасы АҚШ-тың мемлекеттік департаментінің тікелей қысым жасауымен істелген болар деп атап көрсетілді.

### БОННАДАҒЫ БАРҒАН САЙЫН ӨРШИ ТҮСІП ОТЫРҒАН АБЫРЖУШЫЛЫҚ

ЛОНДОН, 29 январь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Боннан былай деп хабарлады: жергілікті бақылаушылардың пікіріне қарағанда, орыстардың герман мәселесі жөніндегі соңғы ұсыныстары барған сайын өрши түсіп отырған абыржушылық туғызған және тіпті Конрад Аденәуэрдің сыртқы саясатына ашық қанағаттанбаушылық туғызып отыр. Кезіргі уақытта Аденәуэрдің өз партиясының (ХДС) басқарушы мүшелері «Германияны біріктіру жөнінде үкмет қандай да болсын лайықты шаралар қолдануға тиіс» деп есептейді. Мұндай көзқарасты тек қана оппозиция жақтап отырған жоқ, сонымен қатар, үкметтік коалиция да жақтайды.

## Азия елдері юристерінің конференциясы

ДЕЛИ, 28 январь. (СОТА.) Калькуттада Азия елдері юристерінің конференциясы өткізілуде, оған Қытайдың, Бирманың, Индияның, Пакистанның және басқа елдердің делегаттары қатысуда. Бүгін конференцияға қатысу үшін совет делегациясы жетті.

Пресс Траст оф Индия агенттігінің хабарына қарағанда, конференцияға қатысушылар Жапонияның «Хосей» университетінің халықаралық право профессоры Каору Ясудің баяндамасын тыңдаған. Баяндамада былай деп атап көрсетілген: атом және сутегі бомбаларының зардабын кешіріп онжылдың ішінде үш рет басынан кешірген жапондар бұл қыратқыш қаруға ба-

тыл қарсы шығуда. Каору Ясуи атом және сутегі қаруына тыйым салу туралы талапқа қол қойдырудың Жапонияда ойдағыдай өткізіліп отырғанын конференцияға қатысушыларға хабарлаған.

Демократ-юристердің халықаралық ассоциациясының председателі ретінде сөз сөйлеген белгілі ағылшын юрисі Притт былай деп атап көрсеткен: ядролық қаруды соғыс мақсаттарына қолданудың халықаралық праваға түбірмен қайшы келетінін дүние жүзінің халықтарына түсіндіре отырып, юристер анағұрлым зор пайда келтірген болар еді.

Индия юрисі Радхабинод Пал өзінің сөзінде Жапонияның Хиросима қаласы-

ның американа атом бомбаларымен қыйратылғанын конференцияға қатысушылардың есіне салған.

Азия елдерінің юристері өздерінің қарарында атом және сутегі бомбаларын пайдалануға тыйым салуды, сонымен қатар бұл бомбаларды сынау әрекеттеріне тыйым салуды талап еткен.

Конференцияға қатысушылар сонымен қатар Индияның, Қытайдың және Бирманың премьер-министрлері жариялаған бейбітшіліктің және бейбітшілікпен қатар өмір сүрудің бес принципі өздерінің сөзсіз қолдайтынын білдірген.

Кеше конференцияда азаматтық бостандықтар туралы мәселе талқыланған.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-38, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39; газет баспасы — 5-53, газет табыс етпесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.